

ОРТА АЗИЯДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

Әр тоқсан сайын шығатын ақпараттық-сараптамалық бюллетень

«Орта Азиядағы адам құқығы мен құқыққорғау білімін БАҚ арқылы қорғау» жобасы

№ 4 шығарылым [қаңтар-ақпан 2010]



Еуропалық
комиссия



Соғыс және бейбітшілікті
жариялау жқніндегі Институт

ОСЫ НӨМІРДЕ:



02 ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

10 ӨЗЕКТІ СҰХБАТ

17 ҚАЗАҚСТАН:

Қазақстандағы исламистерге жасалынып отырған қысым. Билік жекелеген діни топтарды радикалдылық пен бүлікшілдік іс-әрекеттермен айыптап, оларға қарсы шұғыл шаралар қолдануда.

19 ҚЫРҒЫЗСТАН:

1. Қырғызстан: журналистік қауіпсіздікке байланысты алаңдаушылық. Қатігез шабуылдар медиа-қауымдас-тықты іс-шараларға баруға мәжбүрлеуде.

2. Қырғызстандағы азаптау ісі жағымды жағдайға ауысады деп болжануда. Күштеп мойындату негізінде шығарылған үкімнің орындалмауы азаптауға қарсы күресте жаңа қадамдарға әкелуі мүмкін. Алайда келтірілген шығынның орнын толтыру мен азаптауды қолданған және жасырып қалған кінәлілерді сот тергеуіне тарту қажет.

23 ТӘЖІКСТАН:

1. Тәжікстандық құқыққорғаушылар тіркеуге алу инсти-тутынан бас тартуды талап етуде. Сын айтушылардың пікірінше, тіркеуге алудың кеңестік жүйесін жою қажет.

2. Тәжікстан: Газеттерге қарсы арыз-шағымға бай-ланысты алаңдаушылық. Медиа-бақылаушылардың пікірінше, жала жабуға байланысты сот істерінің бірқатары сайлау қарсаңында үш мерзімді басылымға қарсы жүргізілетін алдын-ала келісілген кампанияға ұқсайды.

26 ӨЗБЕКСТАН:

1. Журналистерді қорқыту арқылы өзбек билігі оларға шындықты жазуға тыйым салғысы келеді.

28 ТҮРКІМЕНСТАН:

1. Түркімен билігінің тұрғын үйлерді бұзуға байланыс-ты көңілі толмайды.

2. Тұрғын үйлерді бұзуға байланысты кампанияға түркімен билігінің көңілі толмайды. Адамдар жолдар мен көпқабатты үйлер тұрғызу мақсатты бұзылған тұрғын үйлерге берілетін ақша үшін күресуде.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Біздің ақпараттық-сараптамалық бюллетеніміздің кезекті үшінші жарияланымында Сіздердің назарларыңызға жоба ша-ралары жайындағы ақпарат пен Орта Азия елдеріндегі адам құқығы саласында болып жатқан оқиғалар мен аймақтағы бел-гілі құқыққорғаушылармен болған сұхбатты ұсынамыз. Бұл жарияланымның негізгі тақырыбы Қырғызстандағы журналис-терге жасалған шабуылдардың соңғы статистикасына байла-нысты журналистердің қауіпсіздігі мәселесі, Тәжікстандағы жетекші газеттерге қатысты жала жабу бойынша айыптау оқиғаларының жиілеп кетуі, Өзбекстандағы журналистерді қорқыту оқиғалары болды. Біз, сонымен қатар, Қырғызстанда күн өткен сайын өзектілік алып келе жатқан азаптауды қолдану мәселесін де көтеруге тырыстық. Мүмкіндікті пайдалана оты-рып, осы жарияланымды қызықты әрі пайдалы деп тапқан жандарға алғысымызды білдіреміз.

Бюллетень «Орта Азия мемлекеттеріндегі құқыққорғау білімі мен адам құқығын БАҚ арқылы қорғау» жобасының аясында, Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі британдық инсти-тут арқылы жүзеге асырылып, Еуро Комиссияның қолдауымен басылды. Орта Азия мемлекеттеріндегі адам құқығын қорғау саласындағы қоғамның ақпаратпен қамтамасыз етуінің деңгейін көтеру жобаның негізгі мақсаттарының бірі болып есептеледі.

Бүгінгі күні жоба Қырғызстандағы балалардың білімге қол жеткізу туралы сұрақтарын, Тәжікстандағы өз өзіне қол жұмсаушылықтың көбейіп кетуіне байланысты мәселелердің, Қазақстандағы сөз бостандығына қатысты мәселелерге қатысты диалогтық байланысқа қатысты сұрақтарды шешіп, қамтамасыз етіп отыр. Жобаның келесі бағыты үкіметтік емес ұйымның мүшелерін қоғаммен байланысқа, бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас құруға және адам құқығына қатысты халықаралық стандарттар мен сол саладағы ұлттық заңнама туралы журналистерге арналған тренингтер өткізеді.

IWPR бүгінгі таңда Еуропада, Ауғанстанда, Иранда, Иракта, Си-рияда, Филиппинде, Уганда, Солтүстік Африкада, Зимбабведе, Кавказда және Орта Азия мемлекеттерінде өз қызметін жүзеге асырып келеді. Орта Азиялық аймақта IWPR-дың сәтті қызметі 1999 жылдан бастау алған. Осы уақыт аралығында Институт мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен (ҰЕҰ) және медиа құрылымдармен конструктивті қарым-қатынас ор-натты. IWPR алғашқылардың бірі болып жергілікті журналис-термен қарым-қатынас құрып, оларға шетелдегі әріптестерімен байланыстарын дамытуға көмектесті.

Уақыт өте келе серіктестіктыгіз қарым-қатынастар түріне айнал-ды. Мұндай тәсіл жаңа байланыстардың кеңеюін, идеялардың, білімнің және машықтармен алмасуды қамтамасыз етті. Тілдік тосқауыл мен көзқарастардың әр түрлі болуына қарамастан, www.iwpr.net сайтында көптеген мақалалар жарық көруі, жемісті жұмыстың қорытындысы болып есептеледі. Осындай жұмыстың арқасында IWPR адам құқығына байланысты, де-мократия мен басқа да қақтығыс тудыратын тақырыптарды, сұрақтарды баяндауға қатысты едәуір үлесін қосты.

Бюллетеннің әр нөмірінде біз сіздерді жобаның қызметімен, Қазақстандағы, Қырғызстандағы, Тәжікстандағы және Өзбекстандағы адам құқығын бұзуға қатысты әр түрлі жағдайлармен таныстыруға, сонымен қатар, біздің аймақтағы мемлекеттердің шынайы жағдайын объективті түрде баяндауға тырысамыз.



ЖОБА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

«Журналистерге арналған адам құқығына кіріспе»

тренингі

Ош қ., Қырғызстан

30-31 қаңтарда Ош қаласында Қырғызстанның оңтүстігіндегі үш облыстың журналистеріне арналған, «Орта Азиядағы адам құқығын және құқық қорғау білімін БАҚ арқылы қорғау» жобасының ұйымдастыруымен тренинг өтті. IWPR жобасының редактор-фрилансені Абдумомун Мамараимов тренинг қатысушыларына адам құқығы теориясының негізгі түсініктері, және осы саладағы негізгі халықаралық құжаттар жайлы айтып берді. Тренинг қатысушылары, сонымен қатар, адам құқығын қорғайтын халықаралық және аймақтық құралдармен, механизмдармен танысты, ел азаматтарының құқығын қорғаудағы құқыққорғаушылардың, БАҚ-ның және мемлекеттік органдардың рөлін талқылап, олардың өзара қарым-қатынасының маңыздылығы жайлы сөз қылды. Тренинг жұмысына Ош, Баткен, Жалалабад облыстарының түрлі БАҚ-нан он екі журналист, тәуелсіз журналистер, жергілікті ЖОО-ның журналистика факультетінің студенттері қатысты.

Тренинг қатысушыларының алдында Ош қаласындағы ЕҚЫҰ далалық кеңсесінің өкілі Октам Газиев пен жергілікті «Адам құқықтары бойынша эдвокаси орталық» ҮЕҰ-ның Ассоциациясы» құқыққорғау ұйымының лидері Жениш Тороев сөз сөйледі.

Қонақтар қатысушыларға ЕҚЫҰ-ның мысалында адам құқығы бойынша жергілікті құралдар, құқыққорғаушының қазіргі жағдайдағы рөлі мен жұмысы жайлы айтып берді. Бұл әңгімелер қатысушылардың үлкен қызығушылығын туғызды, олар өздерін қызықтырып жүрген сұрақтарға жауап ала алды. Тренингте құқыққорғау журналистикасының ерекшеліктері мен осы жұмысқа байланысты қатерлер мәселесі талқыланды. Әсіресе журналистің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты сұрақтар ерекше назарға алынды.



«Өкінішке орай, біз мұндай шараларға жиі қатыспаймыз, ал университетте практикалық білім бермейді. Мен енді адам құқығы не екенін және азаматтардың құқығын сақтаудағы журналистің рөлінің қаншалықты маңыздылығын білемін. Бұл тренингке қатысқаным өте қуаныштымын».

Жалалабат мемлекеттік университетінің журналистика бөлімінің студенті Зумрат Исакова.

«Адам құқығы мәселелеріне жазып жүрген журналистер бұл тақырыптың ерекшеліктеріне келгенде сауатты болулары керек, сондықтан, олар тұрақты түрде біліктілігін көтеріп отырулары қажет. Бұл, біріншіден, журналистерге өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмек береді, себебі, жұмыста адам құқығын бұзудың алдын-алады, екіншіден, мұндай білім жарияланымдардың сапасын, кәсібилігін арттыра түседі. Осы тұрғыдан алғанда тренинг маған өте үлкен көмек берді».

«Ош шамы» газетінің корреспонденті, Гульзат Газиева

«Соңғы екі жыл бойы елдегі адам құқығы мәселелері жайлы ақпарат берумен айналысып жүрген журналист және редактор ретінде біздің көптеген әріптестерімізге осы тақырыпты қозғауға білім мен дағдының жетіспейтіні жайлы айта аламын. Бұл шараны маңызды деп есептеймін, себебі БАҚ мен журналистің адам құқығы мәселелерін шешудегі рөлін бағалау қиын. Осындай тренингтер құқыққорғау тақырыбына жазатын журналистердің қатарын көбейтеді деп сенемін. Әзірге, өкінішке орай, олардың саны өте көп емес», - дейді Мамараимов.

«Журналистерге арналған адам құқығы»

тренингі

Душанбе қ., Тәжікстан

29-30 қаңтарда Душанбеде журналистер Кеңесінің конференц-залында «Журналистерге арналған адам құқығы» тренингі өтті. Тренер адам құқықтары мен заңдылықты сақтау бойынша Қазақстандық Халықаралық ұйымның Қарағанды бөлімшесінің директоры Юрий Гусаков болды.

Ю. Гусаковтың сөзіне қарғанда БАҚ адам құқығын қорғауда айтарлықтай рөл ойнайды, сондықтан осы тақырыпқа жазғысы келетін журналистерге қажетті теориялық білім берілуі қажет. Тренингке 25 журналист пен Тәжікстанның барлық аймақтарынан келген журналистика факультеттерінің студенттері қатысты. Тренингтің негізгі мақсаты – тәжік журналистерін негізгі адам құқықтары және құқыққорғау қызметімен болашақта баспасөзде жариялау үшін таныстыру болды.

Деріскер жайында: Юрий Гусков, құқыққорғаушы, адам құқықтары мен заңдылықты сақтау бойынша Қазақстандық Халықаралық ұйымның Қарағанды бөлімшесінің директоры. Көпжылдық тәжірибесі бар тренер (құқыққорғау тақырыбы бойынша Қазақстан мен Орта Азияда 40-тан астам тренинг өткізген). Қазақстан Республикасындағы адам құқығын, осы саладағы білімді сақтау тақырыбына арналған мақалалар мен презентациялар авторы.



Құқыққорғаушы ҮЕҰ өкілдеріне арналған «ҮЕҰ үшін тиімді коммуникациялар»

тренингі

Алматы қ.

Алматы қаласында **23-24 ақпан**

күні MediaNet Халықаралық журналистика орталығының тренинг-залында «ҮЕҰ үшін тиімді коммуникациялар» тренингі өтті.

Шараны IWPR Қазақстандағы өкілдігі Еуро Одақ қаржыландыратын «Орта Азиядағы адам құқығын және құқық қорғау білімін БАҚ арқылы қорғау» жобасының аясында ұйымдастырды. Тренингке үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты. Тренер MediaNet Халықаралық журналистика орталығы директорының орынбасары, Media Relations Group креатив-директоры болды. Тренингтің негізгі тақырыптары: ақпараттық септеу дамыту, мессидж, баспасөз мәлімделерін құрау, БАҚ-мен тиімді қарым-қатынас орнату, жобалар жайлы ақпарат беруді ұйымдастыру.



Тренинг аясында ҮЕҰ-дың БАҚ-мен жұмыс істеу барысында жіберілетін ең бір ерекше қателер талқыланды. Жекелеп алғанда, сарапшылдардың ҮЕҰ рөлін түсінуі, яғни олардың қандай жобаларды жүзеге асырып, немен айналысатындығын ғана емес, не үшін айналысатындығын да сауатты түрде жеткізу, қызметтің қандай жайсыз әлеуметтік жағдайда жүргізілетіндігі, нақты осы бағытта олардың жұмысын а кім өзектілік бере алады деген мәселелер көтерілді. Бұл тек ҮЕҰ қызметінің тактикасы мен стратегиясын болжау және жасау үшін ғана емес, әрқашан да әлеуметтік контент іздейтін БАҚ үшін де қажет. Тренинг бағдарламасы қоғамдық жобалар қызметін масс-медиаға барынша тиімді түрде жеткізуді ұйымдастыру үшін БАҚ-мен жүргізілген жұмыс барысында алынған білімді қолдану ұстанымы бойынша құрылды. Тренингтің әр блогы презентация түрінде жасалынып, тренингтің әр тыңдаушысы дайын, тексерілген схеманы өз қызметі мен шараға лайықтап пайдалануы үшін



әр қатысушыға жіберілді. Жекелеп алғанда ақпараттық себеп пен мессидж блогында теориялық материалдың түсіндірілуі мен мүмкін болатын шешімдер абстрактілі мысалда көрсетілген соң, тренинг тыңдаушылары практикалық блогта ақпараттық кеңістікте өз тақырыбы мен идеяларын өткізу үшін әлеуметтік контекст аңыздылығын ғана емес, БАҚ-ның түрі мен жанрларын да ескере отырып мүмкіндігін ұйымдастырды. Практикалық мысал ретінде топтардың бірі адам құқықтары бойынша мерзімдік әмбебап шолу аясындағы Қазақстандағы алғашқы ұлттық баяндама мен ҮЕҰ балама баяндамасы алынды. Қатысушылар оны ақпараттық кеңістік пен басылымдардың түрлеріне бейімделуді ескере отырып аудиторияға жеткізу нұсқаларын жеткізді. ҮЕҰдың телеарналармен жұмыс істеуіне байланысты блок пайдаланушылардың айтуынша пайдалы болған, себебі, телеарналар мерзімдік басылымдарға ұқсамайды,

олармен жұмыс кезінде бірқатар ерекше ұстанымдарды ескеру қажет. Бұл әсіресе негізгі аудиторияның телевизиялық өнімді пайдалануға ұмтылатыны және үкіметтік емес сала сарапшысының бет-бейнесін халыққа таныту мақсатында да керек.

Тренинг қатысушыларының ойынша, алынған ақпарат пен дағды оларға БАҚ-мен қарым-қатынаста ақпараттық кеңістік үшін күресуде көмектеседі. Әзірге ҮЕҰ мемлекеттік сектор мен бизнеске жеңіліп келе жатыр. Тренинг тыңдаушыларының бірі мұндай тренингтерді қызметін жаңа бастап келе жатқан құқыққорғаушыларға да, азматтық қоғамның тәжірибелі өкілдеріне де арнап өткізу қажет деді. БАҚ тиімді қарым-қатынас құрмай азаматтық сектор дамымайды дейді қатысушылар.

«Бала құқығын сақтаудың халықаралық және ұлттық стандарттары шеңберіндегі мектептердегі шындық»

Бішкек қ., Қырғызстан

25-26 қаңтарда парламент өкілдері, білім және ғылым Министрлігі, құқыққорғау ұйымдары мен мектеп әкімшілігі мен ата-аналардың қатысуымен Бішкекте астана мен Шу облысындағы балалардың білім алуға қол жеткізуі мәселесін талқылады. Мұндай шара бұдан бұрын Таласта, Түпте, Жалал-Абадта өткен болатын.

Аталған дөңгелек үстелдердің сериясынан кейін парламенттік тыңдаулар болады, ол жерде Дөңгелек үстелдер аясында берілген ұсыныстар талқыланады. Парламенттік тыңдаудан кейін бұл ұсыныстар Жогорку Кенеш палатасының қарауына жіберіледі.

Бішкек баспасөз-клубында Дөңгелек үстелде сөз сөйлеген ҚР Жогорку Кенеш депутаты, ыступая Коммунистер фракциясының мүшесі мен ҚР білімге деген бала құқығы саласындағы заңнамасын жүзеге асы-



ру мен қадағалауды зерттеу бойынша уақытша Комиссияның төрағасы Гульжамал Султаналиева Қырғызстан өзіне балалар құқығын сақтау мен қамтамасыз ету бойынша бүкіл міндетті алғанын, алайда бұл құқықтардың жүйелі түрде бұзылатындығын атап кетті. «Ел Конституциясымен бекітілген кепілдіктер де, мысалы білім алуға деген бала құқығы сақталмайды», - дейді Султаналиева. Дөңгелек үстелге қатысқандар білім жүйесінің коммерциялану тенденциясын, бұл жағдайдың Конституцияда бекітілген Қырғыз Республикасындағы тегін әрі қолжетімді білім ұстанымына қайшы келетін сөз қылды. Ата-аналар үшін ерікті-еріксіз ақша алу проблема болып отыр, тіпті кей ата-ана балаларын осы жағдайға байланысты мектепке де бере алмайды. Талқылау кезінде Гульжамал Султаналиева берген мәліметтер бойынша, алғашқы алымдар мектеп пен аймаққа байланысты 2 000-нан 20 000 сомға дейін болады, ал айлық алым 200-ден 500 сомға дейін құрайды. «Бұған күзет пен тазалық сақтауға алынатын төлемді қосыңыз. Сонымен қатар, мектеп басшылығы кішкентай балалар үшін олардың мектепке дайындығын тексеру мақсатында тестілеу ұйымдастырады», - дейді өз презентациясында Султаналиева. «ҚР білім мекемелерінде баланың әлеуметтік статусына байланысты шеттетушілік жүріп жатыр. Жағдайды мектептердегі бала құқығының бұзылуының латентті сипатқа ие болуы ұшықтыра түсуде», - дейді «Бала құқығын қорғаушылардың Лигасы ҚҚ лидері Назгуль Турдубекова. Құқыққорғау ұйымдары оқуға төлейтін жағдайлары жоқ оқушыларды психологиялық қысым көрсету арқылы кетуге мәжбүр еткен оқиғаларды тіркеген. «Бір жағынан алғанда, біз ең жақсы деген педагогикалық кадрлардың коммерциялық немесе басқа салаларға кеткенін түсінеміз. Бүгінгі мұғалім жұмысы үшін тиын-те-

бен алады, дәптер тексергеніне мемлекет айына 15 сом бөледі», - деді ҚР ЖК депутаты, ҚӨДП фракциясының мүшесі Ирина Карамушкина. «Қазіргі кезде мектеп директоры тек оқу процесін ұйымдастырумен ғана айналыспайды, барлық материалдық-техникалық мәселелерді шешу оның мойнында. Себебі мектептер «өмір сүру» үшін барын салуда. Осы мақсатта қазір мектептердің жанынан кеңестер құрылуда, олар директорларды аталған міндеттен құтқаруы тиіс», - дейді «Наше право» ҚҚ кеңесшісі Калича Умуралиева.

Дөңгелек үстел назарына алған бөлек мәселе мигранттардың балаларының білім алуы болды. Мысалы, Бішкектік айналасында 54 тұрғынмассивтер орналасқан. Ол жерде балалар бақшасы жоқ. Жаңа орынға көшкенде баланың басқа мектепке ауыспауы жиі кездеседі, оған себеп мекен-жай тіркеуінің жоқтығы, ата-анасының алғашқы және айлық алымды төлеуге шамасының келмеуі болмаса сыныптағы бала санының көптігі. Білім министрлігінің өкілі Дөңгелек үстелде астанада кем дегенде жаңа 19-20 мектеп салу қажеттілігінің туғанын айтып кетті. Бішкек пен аймақтардағы білім саласының түйткілді мәселелері көп жағдайда ұқсас, алайда айтарлықтай ерекшеліктер де бар. «Егер қала мектептерінде балалар байқау бойынша алынса, біз керісінше ата-аналарды балаларын мектепке алып келуін өтінеміз», - деді Дөңгелек үстелде Шу облысы, Ысық-Ата ауданындағы мектеп директоры Раби Чекиева. Көп отбасыларда балалар жанұялық жағдайға байланысты жұмыс істейтіні, сондықтан сабаққа бара алмайтыны да аталып кетті. Сонымен қатар, елде мектеп білімімен қамтылған емесе, жалпы балалардың санының артып келе жатқанын айта кету қажет. Султаналиеваның сөзіне қарағанда, бүгінгі күні Қырғызстанда 70-80 мың

бала мектепке бармайды. Елдің білім саласына бөлген қаржысы ЖІӨ-нің 4,7 пайызын құрайды, ал әлемдік көрсеткіш 20 пайыздың төңірегінде. ҚР білімге қол жеткізу мәселелсін жақсарту үшін Дөңгелек үстелге қатысушылар келесі ұсыныстарды әзірледі:

жалпыұлттық білім идеологиясын жасау; білім Министрлігі мен донорлық институттар және жобалар әріптестігінің негізінде үйлестіруші орган құру, педагогтарды тарту мақсатында инновациялық әдістемелер жасау, балаларды оқытудың инновациялық әдістемелерін жасау, мұғалімдер кәсіподағының тиімділігін арттыру және т. б.

«Бұл тақырыптың көтеріліп отырғаны өте маңызды. Елде сауатсыз жандардың жаңа буыны өсті. Егер тез арада шаралар қолданбаса Қырғызстан мұндай буынның екіншісіне ие болады. Ал бұл әлеуметтік жарылыстың қатері», - деді Гульжамал Султаналиева. «Өзара тартыс пен айыптаудан әріптестікке көше бастағанымыз қуантады. Білім жүйесінің құрылым сондай – біздің бүгінгі жасаған жұмысымыз жылдам нәтиже бере қоймайды. Сондықтан біз бәріміз даму үшін жағдайды бүгін жасауымыз қажет», - деді Дөңгелек үстел барысында ҚР білім және ғылым министрі Абдулла Мусаев.

«Осы Дөңгелек үстелдерден кейін заңнамалық актілер мен үкіметтің балалардың білімге қол жеткізу жағдайына байланысты нағыз өзгерістер алып келетін шешімдері болады деп үміттенеміз», - деді Қырғызстандағы IWPR Өкілдігінің директоры Эрлан Абдылдаев.

Дөңгелек үстелді осы тақырыпта Орталық-Азия аймағы форматында өткізу ұсынылды.



Дөңгелек үстел «Тәжікстан журналистерінің құқығын қорғау»

Душанбе қ., Тәжікстан

5 ақпанда Душанбе қаласында Тәжікстанның журналистер кеңесінің конференц-залында «Тәжікстан журналистерінің құқығын қорғау» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Осындай дөңгелек үстел кейінірек Ходжент қаласында да өткен болатын. Шараға БАҚ-ның, Халықаралық және қоғамдық құқыққорғау ұйымдарының, елшіліктердің 50-ден астам өкілі қатысты, Дөңгелек үстелді Тәжікстандағы IWPR өкілдігі мен Тәжікстанның тәуелсіз БАҚ Ұлттық ассоциациясы (ТТБАҚҰА) біріге отырып ұйымдастырды. Қатысушылар журналистердің құқығын қорғаудың ерекшеліктерін (әсіресе мемлекеттік органдар тарапынан журналистерге қарсы сотқа тарту оқиғалары мен республика парламенті сайлауының қарсаңында) талқылады. ТТБАҚҰА төрағасының ойынша, БАҚ өкілдеріне қарсы қозғалған сот істері БАҚ-дағы өз-өзіне деген цензура мен Тәжікстандағы сөз бостандығының деңгейіне жағымсыз әсер етеді. Соңғы бес жылдың ішінде журналистерге қозғалған сот істерінің бірде-біреуінде БАҚ өкілінің ақталмағаны да сөз болды.

Осы оқиғаға байланысты ЕҚЫҰ, ТР-дағы АҚШ елшілігінің, ЕуроОдақ өкілдері өз пікірлерін білдірді. Тәжікстандағы АҚШ елшілігінің саяси мәселелер бойынша офицері Чарлз Мартин өз мәлімдемесінде тәжік басылымдарына қарсы заңдық қысымға байланысты алаңдаушылығын білдірді.

«Біз өз алаңдаушылығымызды Тәжікстанның үкіметіне жеткізуге мәжбүрміз, себебі БАҚ демократияның дамуында маңызды рөл ойнайды», - деп мәлімдеді Мартин.



ЕуроОдақ өкілі Махбуба Абдуллаева талқыланып жатқан тақырыптың маңыздылығын айта келе, бұл мәселенің Душанбеде өтетін Тәжікстандағы ЕуроОдақ ұйымдарының өкілдері мен елшілердің кездесуінде қозғалатыны жайында жеткізді. Адам құқығын қорғау мен заңдылықты сақтау бюросы даосы жағдайға байланысты өз алаңдаушылығын жеткізді. Бюро директоры Наргис Зокирова ұйымның бұл процесті қадағалап, сарапшылардың пікірін дайындайтыны жайында мәлімдеді. Сонымен қатар, тақырыпқа байланысты негізгі түйткілді мәселелерге келесілерді жатқызуға болады: журналистердің заңдық сауатсыздығы, Тәжікстан медиа-қауымдастығының жайбарақаттығы. «Азия-Плюс» газетінің редакторы Марат Мамадшоевтың ойынша, бұл мәселені үлкен көлемге ие болмай тұрып, ертерек, жоғарғы орындарда талқылау керек еді. «БАҚ-нан ақылға қонымсыз соманы талап ету дұрыс па? Әу баста-ақ осы мәселені талқылауды көтеру керек еді. (Қазан айында, «Пайкон» газетінен 300 мың сомони – шамамен 69 мың АҚШ доллары көлемінде сома талап етілді). Енді бізге шұғыл

шаралар қолдану қажет», - дейді ол. «Мұндай оқиғалардың болуында біздің – журналистердің де кінәсә бар, өз құқығымызды жақсы білмейміз», - дейді Журналистер құқығы еске алу мен қорғау Қорының директоры Мухтор Бокизода.

Сонымен қатар, жағдайды зерттеу мен журналистерге заңдық көмек беру мақсатында заңгерлер, БАҚ, құқыққорғау және халықаралық ұйым өкілдерінен құралған жұмыс тобын құру туралы ұсыныс болды.

«Тәжікстандағы БАҚ мен журналистердің құқығын қорғаудың бірыңғай стратегиясы жоқ, сондықтан оны жұмыс тобының құрамына енгізу қажет», - дейді «Ашық қоғам» БАҚ Институтының өзара әрекеттесу Қоры бағдарламасының үйлестірушісі Рухшона Олимова.

Дөңгелек үстел жұмысы нәтижесінде үкіметке, БАҚ-на, халықаралық және құқыққорғау ұйымдарына ұсыныстар тобы әзірленді. Оларда БАҚ саласындағы дау-жанжалдарды қадағалау бойынша заңнамалық механизмдерді дамыту, моралдық шығынды өндіруге белгілі бір шектеу қою мүмкіндігін қарастыру және басқа жағдайлар қарастырылды. Дөңгелек үстелге қатысушылар талқыланған мәселелердің өзектілігін ескере отырып IWPR-дан осы тақырыпта тағы бір шара өткізуді өтінді.

«Тәжікстандағы журналистерге құқықтық қолдау» дөңгелек үстеліне қатысушылардың ұсыныстары:

«Орта Азия мемлекеттеріндегі құқыққорғау білімі мен адам құқығын БАҚ арқылы қорғау» жобасының аясында, ЕуроОдақтың қолдауымен, Тәжікстандағы IWPR өкілдігі және ТТБАҚҰА-ның ұйымдастыруымен

«Тәжікстандағы журналистерге құқықтық қолдау» дөңгелек үстелінің қатысушыларының - БАҚ, халықаралық және қоғамдық ұйымдар, шет мемлекет елшіліктерінің 40-тан астам өкілі Тәжікстан Республикасындағы сөз бостандығы мен журналистердің құқығының сақталуы жағдайын талқылай келе, әр бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты сот істерінің жиіліп кетуіне байланысты алаңдаушылығын білдіре отырып, келесі ұсыныстарды шығарды:

Тәжікстан Республикасының Үкіметі мен Парламентіне:

- БАҚ саласындағы дау-жанжалды реттеу бойынша заңнамалық механизмдерді жетілдіру;
- БАҚ-нан талап етілетін үлкен көлемдегі сомаға байланысты шет елдердің тәжірибесіне сүйене отырып моралдық шығынды өтеу сомасына шектеу қою;
- ақпараттың қолжетімділігі мен сөз бостандығы аясында биліктің заңнамалық, атқарушы және сот тармақтарының ашықтығы мен есеп берушілігі туралы халықаралық құқық және ұлттық заңнама нормаларын сақтауды қамтамасыз ету;

БАҚ мен журналистерге:

- журналистік қызметтің құқықтық және этикалық нормаларын қатаң қадағалау;
- ұлттық заңнама, халықаралық құқық және Тәжікстандағы журналистік қызметтің Этикалық нормалары негізінде журналистер мен БАҚ-ның құқығын сақтаудың бірыңғай стратегиясын дайындау;

Медиа және құқыққорғау ұйымдарына:

- БАҚ-мен қарым-қатынасты жақсартып, баспасөзде адам құқығы тақырыбының жариялануына өз үлесін қосу;
- БАҚ қызметі туралы заң нормаларының жүзеге асырылуына байланысты мониторинг жүргізу, заңнамалар мен заңнамалық актілер арасындағы қарама-қайшылықтарды оларды жою мақсатында іздеп табу;
- БАҚ мен журналистерге жұмыс барысында құқықтық көмек көрсетудің жолдары мен әдістерін жетілдіру;

Халықаралық және донорлық ұйымдарға, шет елдердің елшіліктеріне;

- жергілікті ұйымдар мен БАҚ-на олардың құқығын қорғау стратегиясын құруда көмек көрсету;
- БАҚ бостандығы туралы жағдайды қадағалап, аймақтық және халықаралық ұйымдарға Тәжікстандағы сөз бен БАҚ-ның бостандығын қорғау мақсатында нақты қадамдар жасалынуы үшін ақпарат беріп отыру.

Дөңгелек үстелге қатысушылар мемлекеттік биліктің барлық органдарымен, үкіметтік емес құқыққорғау ұйымдарымен және журналистік қауымдастықтармен құқықтың демократиялық

қоғамда басымдыққа ие екендігін сыйлай отырып, қоғамның барлық топтарының ақпаратқа қол жеткізу және сөз бостандығы құқығын дұрыс түсінуі мақсатында әріптестікке дайын екендігін білдіреді.



«Бала еңбегі, еңбек миграциясының салдары ретінде»

Душанбе қ

18 ақпан күні Душанбе қаласында өткен «Бала еңбегі, еңбек миграциясының салдары ретінде» тақырыбындағы дөңгелек үстелге қатысушылар еңбек миграциясының ел экономикасына жағымды ықпал етіп қана қоймай, жұмысқа жегілген балалардың санының артуында жағымсыз ықпалға ие екенін айтты. Ата-ананың қамқорынсыз қалған балалар қорғансыз болады, олардың білім алуға қол жеткізу мүмкіндігі кемиді, тез есейеді. Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі Инсти-



туттың (IWPR) Тәжікстандағы өкілдігі мен Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) «балалар еңбегін жою жобасымен» біріге отырып ұйымдастырған шарасында мемлекеттік құрылымдардың, халықаралық және қоғамдық ұйымдардың, БАҚ-ның 25 өкілі қатысты. Шара ЕуроОдақ қаржыландыратын «Орта Азия мемлекеттеріндегі құқық қорғау білімі мен адам құқығын БАҚ арқылы қорғау» жобасының аясында өткізілді.

Дөңгелек үстелдің жұмысының барысында ұзақ уақыт ата-анасыз қалатын еңбек мигранттарының балаларының

құқығын қорғаудың түрлі аспектілері сөз болды.

«Әрине, мемлекет үкімет пен парламенттің атынан бала еңбегі мәселесін шешуі қажет. Алайда, балалар тек мемлекеттің ғана мәселесі емес. Ол бәріміздікі», - деді Тәжікстандағы IWPR өкілдігінің директоры Дилафруз Назарова дөңгелек үстелді ашу барысында.

Халықаралық миграция бойынша ұйымның (ХМҰ) жоба үйлестірушісі Гулчехра Ибрагимова еңбек миграциясының бала тәрбиесіне әсерін анықтау жобалары туралы айтып берді. Ішкі еңбек нарығындағы демографиялық салмақтың түсуі секілді жағымды тұстарымен қатар, жағымсыз тұстары да айтылды. «Бала еңбегі деңгейінің өсуі – осындай факторлардың бірі», - деді ол. Оның сөзіне қарағанда Тәжікстанда бала еңбегі негізінен ауыл шаруашылығы мен экономиканың көлеңкелі тұстары – нарық пен вокзалдарда қолданылады.

«Кейбір көлеңкелі бизнесмендер бала еңбегінің пайдалы екенін түсінді. Жас жұмысшыларға жалақыны өте төмен беруге, олардың құқығының бұзылуы жайлы алаңдамауға болады, себебі олар өз құқықтары жайында көп жағдайда біле бермейді. Бұл бағытта өзiрге бала құқығы тек қағаз жүзінде, ал шынайы өмірде өте сирек қорғалады», - дейді ол.

Тәжікстан үкіметі жанындағы бала құқығы бойынша Комиссияның төрағасы орынбасары Дилором Мирсаидованың айтуынша бала еңбегі мәселесінің бірнеше деңгейі бар. «Бүгінгі күні бұл мәселемен Тәжікстан аймақтарының ерекшелігін, проблема қатысты балалардың жағдайын және басқа да дүниелерді ескере отырып айналысу қажет», - дейді ол.

Ұйымдасқан балалардың көңілін көтеретін орындардың болмауы да бала еңбегі деңгейіне әсер ететін факторлардың бірі.

«Біздің қалада балалар алаңқайлары жоқ. Тұрғын үйлерінің алаңқайлары автобазаларға айналып кеткен, біздің балаларымыз жабайы секілді өсіп келеді», - дейді BBC журналисті Зарина Хушвахтова.

«Наджоти Кудакон» (Хатлон) ҰЕҰ жетекшісі Курбонгуль Касымованың пікірінше, бала еңбегіне байланысты жағдай шұғыл арады шара қолдануды талап етуде.

«Балалар тез өседі, олардың балалық мәселелеріне ерекшеліктердің мәселелері қосыла береді», - дейді ол.

Дөңгелек үстел сәйкес министрліктер мен ведомстволарға, донорлық және қоғамдық ұйымдарға жіберілетін бір-қатар ұсыныстар әзірледі. Жекелеп алғанда, дөңгелек үстел қатысушылары мемлекеттік органдарға «бала еңбегі» түсінігін ел заңнамасына қосуды, сонымен қатар, мигранттарды әлеуметтік сақтандыру алып, өз отбасыларына деген жауапкершілігін арттыру мақсатында мигранттардың балаларына арнап әлеуметтік қорғау саясатын жасауды ұсынды.

Дөңгелек үстелге қатысушылардың ұсыныстары

Соңғы жылдар зерттеулері еңбек миграциясының балалардың жағдайына, оның ішінде білім деңгейі мен бала еңбегін пайдаланудың таралуына үлкен ықпал етуде. Бала еңбегінің көбеюі мен оның ең бір жаман түрлерінің пайда болуы 90-жылдардың ортасына келеді, сол кезде елден сыртқа азматтардың еңбек миграциясына кетуі күрт артқан еді. Ақша табуға кеткен әкелер мен ағалардың орнына еңбек нарығына әйелдер мен балалар шықты.

Дөңгелек үстелге қатысушылар миграция процесі мен өзге де факторлар тудырған бала еңбегін жоюды маңызды деп санайды және келесі ұсыныстарды жариялайды:

Тәжікстан Республикасының мемлекеттік құрылымдарына:

- «Бала еңбегі» түсінігін ел заңнамасына қосу;
- мигранттарды әлеуметтік сақтандыру алып, өз отбасыларына деген жауапкершілігін арттыру мақсатында мигранттардың балаларына арнап әлеуметтік қорғау саясатын жасау.
- Бала еңбегін, әсіресе оның ең бір жаман түрлерін кедейлікке қарсы күрес, білім жүйесін нығайту (балаларды қалыптан тыс түрде оқытуды дамытуды қоса алғанда), балалардың бос уақытын өткізуді ойластыру, сонымен қатар кәмелетке жасы толмағандарға байланысты отбасылық және еңбек заңдары бұзылған жағдайда жауапкершілікті күшейту арқылы жою;
- Мәжбүрлікпен балаларды жұмысқа жегуден қорғау мәселесіне байланысты азаматтық қоғамды, оның ішінде Кедейлікті Төмендету стратегиясы мен Тәжікстанның Ұлттық Даму Стратегиясын тарта отырып ведомствоаралық қарым-қатынасты дамыту;
- Бала еңбегіне байланысты жалпыұлттық зерттеу жүргізу, ол миграцияның бала еңбегіне әсерін, сыртқы миграцияның ата-аналарымен сыртқа кететін балаларға ықпалын зерттейді.

Үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ-на:

- Мемлекеттік органдарға халықты, оның ішінде мигранттарды бала құқығына, миграцияның балаларға жағымсыз ықпал ететініне байланысты ақпаратпен қамтамасыз етуде көмек беру;
- Бала құқығын қорғауға бағытталған Тәжікстан Республикасының заңы мен халықаралық нормаларды халыққа насихаттауды жақсарту;
- Бала құқығын сақтауға байланысты мониторинг жүргізу мен бала құқығының бұзылуына мемлекеттік органдар мен қоғамның назарын түрлі жолдармен аудару;
- Бала құқығын қорғауға арналған азаматтық қоғам шеңберіндегі қарым-қатынасты нығайтып, ақпарат алмасуды қамтамасыздандыру.

Халықаралық ұйымдар мен донорларға:

- Мемлекеттік құрылымдар мен үкіметтік емес ұйымдардың кедейлікке қарсы күресіне, Тәжікстандағы бала құқығына байланысты жағдайдың жақсаруына және бала еңбегін жоюға кееңестік және техникалық көмек беру арқылы қолдау;
- Мемлекеттік құрылымдардың жас әйелдер мен балаларды қорғауға арналған (кризистік орталықтар, көмек қызметі, т.б.) жобаларды жүзеге асыруына көмек беру;
- Мемлекеттік құрылымдарды азаматтық қоғамға Кедейлікті Төмендету стратегиясы мен Тәжікстанның Ұлттық Даму Стратегиясын жүзеге асыру мониторингін жүргізуде көмек беру;
- Бағдарламалар мен жобаларға жұмсалған донорлық қаражаттың жұмсалыуына мониторинг пен үйлестіруді күшейту.





ВЯЧЕСЛАВ АБРАМОВ: ҚАЗАҚСТАН ӨЗІНІҢ РЕФОРМАЛАНҒАНЫН КӨРСЕТЕТІН ЕШТЕҢЕ ЖАСАҒАН ЖОҚ

MediaNet Халықаралық журналистика орталығының директоры Вячеслав Абрамов Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық етуінің қарсаңындағы елдегі адам құқығы жайында әңгімелейді.



2010 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ-на төрағалық қызметіне кіріседі. 2007 жылы Мадридте сыртқы істер министрі Марат Тәжин елдің атынан қайта түлеу мен демократиялық бағыттағы кемшіліктерді жою мәселелеріне арналған міндеттемелерді атап көрсетті. Қазақстан өз міндеттерін орындады ма, ЕҚЫҰ-на төраға-мемлекетте адам құқығы қаншалықты сақталады, қайта түлеу қалай жүруде – осы мәселелер бойынша MediaNet Халықаралық журналистика орталығының директоры, «Голос Свободы Центральной Азии» құқыққорғау порталының бас редакторы Вячеслав Абрамов әңгімелейді.

IWPR: Сіз тұрақты түрде Қазақстандағы адам құқығы тақырыбын назарда ұстайсыз. Елдегі ең өзекті деген адам құқығы қайсысы?

Абрамов: Бұл – ең әуелі саяси құқық пен азаматтық еркіндікті жүзеге асыруға байланысты мәселелер. Мәдени және экономикалық мәселелерге де қатысты бірқатар кемшіліктер бар. Егер ең бір түйткілді мәселерге тоқталатын болсақ, мен сөз бостандығына байланысты құқықтық, бейбіт жиындар мен бірігу құқығын, қорлау, күш көрсетуден азат болу құқығын жүзеге асыруды атап көрсетер едім.

Менің ойымша, елде толыққанды демократия жайында, пікір алуандығы жайында, азаматтардың еркін таңдау құқығы жайында (не болған күнде де) әңгіме болмаса ең әуелі соққыға саяси құқық ұшырайды.

Қазақстан күннен-күнге «адам құқығы», «демократия» деген түсініктер салыстырмалы түрде ғана қабылданатын классикалық авторитарлық мемлекетке айналып бара жатқан секілді. Бұл түсініктер жақсы көз алдау болуы мүмкін. Бірақ, жалпы елде пікір бостандығы, оны білдіру, жиылу, қозғалу бостандығы ұстанымы сақталып отыр деп айтуға болмайды.

IWPR: Негізгі мәселелердің ішінде Сіз жиі бұзылатын құқықтардың бірі – қорлау, күш көрсетуден азат болу құқығын атап көрсетіп кеттіңіз. Біздің елде мұндай құқықбұзушылық қаншалықты жиі кездеседі? Қандай да бір мысалдар келтіре аласыз ба?

Абрамов: Қазақстан әлемдік тәжірибеден тыс қалып отырған жоқ. Бірде-бір мемлекетте күш көрсету, қорлау толығымен жойылды деп айтуға болмайды. Шын мәнінде, Қазақстанда, құқыққорғаушылар жинақтап отырған, қорлау фактілері болды-ау деген мысалдарды көптеп келтіруге болады. Алайда, ең бастысы – құқыққорғаушыларда мұндай фактілерді табу мүмкіндігінің жоқтығы.

Күш көрсету, қорлау тәсілдері бізде көбінесе полицияда, тергеу кезінде, күдіктіге қылмысты жасағандығын мойындату мақсатында қолданылады.

Нәтижесі көзге көрінерлік зерттеулер болды. Қазақстан ИИМ-нің академиясында бірінші курс студенттерінің басым көпшілігі күш көрсету – қылмыс, ал адамды қинауға болмайды деп

көрсеткен. Ал төртінші курста сол академияның студенттері күш көрсетуге, қинауға болады деген. Олар тәжірибеден өтеді, полицейлердің қалай жұмыс істейтіндігін көреді және салмағы 800 грамм болатын қылмыстық кодекске түсініктемелер жинағымен адамның басынан ұру – күш көрсету емес деп түсінеді. Ал оларға мұның да адамды қорлаудың бір түрі екендігін түсіндіріп жатқан ешкім жоқ. Денсаулыққа келтірілген азғантай нұқсанның өзін қаталдық деп санау қажет.

IWPR: Бұл жағдайдан шығар жол бар ма? Мұндай дүние қайдан шығып жатыр?

Абрамов: Ең басты себеп – құқықбұзушылардың жазаға тартылмауы. Құқық қорғау органдарының күш көрсету, қинау бабы бойынша жауапқа тартылғандары аз. Жай ғана аз емес, өте аз. Ал күш көрсету фактілерінің орын алуы мойындалған. Кейбір құрылымдарда мұндай жағдай тек орын алып қана қоймай, кең етек жайған.

БҰҰ-ның азаптауға қарсы комитеті өз ұсыныстарын белгіледі, олар-

ды арасында «азаптауды жоғары деңгейде жазалау» - «азаптауға мүлде шыдамдылық танытпау» секілді ұсыныстар бар. Мысалы ел президенті азаптауға жол берілмейді деп мәлімдейді. Бұл саяси мәлімдеме құқықорғау органдарының әрбір қызметкеріне, азаптауға қатысы бар әр азаматқа жетуі қажет. Ал, Қазақстан азаптауға «шыдамдылық танытып» жатыр. Осы тақлеттес мәлімдеме жасаған ең жоғарғы орындағы шенеунік, ол – Жоғарғы Соттың төрағасы.

Қазақстандағы сот азаптауға байланысты шағымдарға мән бермейді. Яғни олар зерттеуге жол бермейді. Соттар «азапталдық» деген мазмұнда жазылған арыздарды қаперлеріне ілмейді. Бұл жерде «корпоративті қарым-қатынас» ұстанымы бар дегуге де болар, яғни өз адамдарын өздері қорғайды. Дәл осындай жағдай Қазақстанда қазір орын алып отыр.

Қазіргі уақытта балалар үйлерінен, қарттар үйлерінен хабарлар келіп түсіп жатыр. 2007, жылдары Media Net, адам құқықтары бойынша Қазақстандық Халықаралық бюро, Freedom House және басқа да бірқатар ұйымдар «Орта Азиядағы азаптаудың алдын алу» жобасын жүзеге асырды. Қазақстанда осы жобаның аясында 600-ден астам азаптауға, қорлауға байланысты шағым келіп түсті. Ал бұл құқықорғаушылардың қолына келіп түскен мәлімет қана – «айсбергтің шыңы» ғана. Ал шын мәнінде не болып жатыр, ол – белгісіз.

Қараша айында адам құқықтары бойынша Еуропалық со Қазақстанды азаптау жүйелік түрге ие болған ел деп таныды. Бұл ұйым Украинаға Киевте алты жыл шамасында күзет астында отырған Қазақстан азаматын еліне қайтаруға тыйым салды. Мұндай қадам біздің елдегі ұсталғандардың азапталатыны анықталғанына байланысты туындады. Яғни, азаматтарды олардың өз елінен құтқарып отыр ғой. Және бұл жағдайда дұрыс жасап отыр. Еуропалық сотқа үлкен алғыс білдіруге болады, бұл – елдің азаптаудың алдын-алуда мардымсыз жұмыс жасап отырғанын мойындау.

IWPR: Жовтис ісі, Жәкішев ісі. Бұл ар елдің сыртқы беделіне қалай әсер етуде?

Абрамов: Менің ойымша, мұндай істер ел беделіне үлкеен нұқсан келтіреді. Бұл жерде мемлекеттің адамдарды темір тордың ар жағына жіберуге деген үлкен «ықыласы» байқалып қалды. Ал Жәкішевтің жағдайында тіпті адамды жойып жіберуге де баруы мүмкін. Мұндай істер мемлекеттің жұртпен есеп айрысуын дәлелдейтіндей. Жовтис ісіне келер болсақ, бұл жерде мәселе оның кінәлі, я болмаса, кінәсіз еместігінде. Мәселе тергеу мен соттың бұзуға болатын нормалардың бәрін бұзғанында. Мәселе ресми түрде оқылған шешімге артынан қосымша 659 сөздің қосылғандығында. Евгений Жовтисі қаза тапқан жанның туыстары кешіріп, татуласқаны да назарға ілінбеді.

Ал мұны көріп отырған елдің іші-сыртындағы «ақылы бар» адамдар еріксіз сұрғылт ойларға қалады. Және мемлекет тарапынан мұндай заң бұзушылықтар болып жатқан кезде, шындыққа қол жеткізу емес, есеп айрысуға деген ұмтылыс жайында айтуға болады.

IWPR: Қазақстан ЕҚЫҰ төрағалығына қаншалықты лайық?

Абрамов: Маған бұл сұраққа жауап беру қиын, себебі, мен ЕҚЫҰ-на төрағалық ету Батыс пен Шығыстың арасында болған үлкен сауданың нысаны болғанын түсінемін. Қазақстан тек дұрыс жерде, қажет уақытта бола білді.

Қазақстан Орта Азияда көшбасшы болу мақсатында үлкен істер атқарды, біз экономикада үлкен жетістіктерге қол жеткіздік. Бірақ, адам құқығы, демократияға келсек, Қазақстанға бұл салаларда өзiрге мақтана қоярлық ештеңеге қол жеткізе қойған жоқ. Осынша заң, құқық бұзушылықтарға жол беріп отырған елді үлгі тұту жайында айтуға болмайды.

IWPR: 2007 жылы сол кездегі Қазақстанның сыртқы істер министрі Марат

Тәжин Мадридтегі ЕҚЫҰ-ның министрлік кездесуінде Қазақстандағы құқық жүйесін қайта түлету жолындағы міндеттемелер мен жоспарлары жайлы айтып берген еді. Сол уәде, міндеттер қаншалықты орындалды?

Абрамов: Осы жылы спикер Қасым-жомарт Тоқаев Қазақстан ешқандай міндеттемелер берген жоқ, ол тек біздің елдің қоғамды демократияландырудағы ұмтылысымызды белгілейтін министрдің сөзі деп мәлімдеді. Сәйкесінше, Қазақстаннан осы мәселеге байланысты қандай да бір дүние сұрау қиын.

Менің ойымша, бұл міндеттемелер бір мысқалға да орындалған жоқ. Міндеттемелерде көрсетілген сайлау туралы, партиялар туралы, БАҚ туралы және жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңдарға азғантай ғана өзгерістер енгізілді, бұл өзгертулер осы салалардағы жағдайға еш ықпалын тигізген жоқ.

Мысалы, егер бұрын, саяси партияны тіркеуге алу үшін 50 000 адамның қолы керек болса, қазір бұл сан 40 000-ға түсті. 16 млн. адамы бар елде бұл – үлкен көрсеткіш. Ал, бірақ партия құру ісі қиындап кетті. БАҚ-мен де осындай жағдай, жеке өмір құпиясын бұзғандығы үшін бесжылдық қылмыстық жауапкершілікке тарту жазасы қабылданып жатыр. Немесе, цензураның қабылданғанымен бірдей Интернет туралы заң қабылданды.

Қазақстан өзінің реформаланғанын көрсететін ештеңе жасаған жоқ. Менің ойымша, бұл ЕҚЫҰ-ның Қазақстан нақты реформалар жүргізбеген жағдайда не болатынын атап-атап көрсетпегендігінен болып отыр. Бірпартиялы мемлекетке ЕҚЫҰ-на төрағалық етуіне рұқсат беруінің өзі біраз ойға жетелейді. Мысалы, Қазақстан ештеңені өзгертпеді, себебі өзіне көп мүмкіндік берілетінін түсінді.

Менің ойымша, Қазақстан ешқандай реформа жүргізбейді, ал ЕҚЫҰ-ның өзі біздің елдің төрағалығынан ештеңе жоғалтпайды да, ештеңе таппайды да.

Наталья Напольская, Қазақстан



Сардар Багишбеков:

АЗАПТАУ ОҚИҒАЛАРЫ СИРЕГЕН ЖОҚ, АДАМДАР ОЛ ТУРАЛЫ АЙТУДАН ҚОРҚАДЫ

Қырғызстанда азаптауға қарсы күрес өзекті мәселелердің бірі. Алайда азаматтық қоғам бастамалары мемлекеттің қолдауына ие болмай отыр. Азаптауды қолдануға байланысты ұзақ жыл бойы осы мәселемен айналысып келе жатқан «Голос свободы» ҚҚ-ның жетекшісі Сардар Багишбеков әңгімелейді.



IWPR: Қырғызстандағы азаптау жағдайына байланысты Сіз не айта аласыз?

Сардар Багишбеков: Азаптаулар жүйелік сипатқа ие, бұл мәселе шешілмеген күйі жылдан-жылға қалып отыр. Оларды тоқтатуға бағытталған жұмыс аз нәтиже беріп отыр. Азаптау фактілері көбеюде, бірақ бұл азаптаудың өзінің көбеюі деген сөз емес. Азаптау әрқашан да қолданған. Тек қоғамда осы мәселеге байланысты шағым айту артып келе жатыр.

IWPR: Қандай ведомстволарда бұл құбылыс кең таралған, оның себебі неде?

Багишбеков: Соңғы мәліметтер бойынша тіркелген азаптау фактілерінің 90%-ы ішкі істер органдарының қызметкерлерімен қамауға алған алғашқы 48 сағат ішінде және сот шешімі шыққанға дейін тергеу барысының бойында жасалынады.

Азаптаудың негізгі мақсаты – ұсталған адамның немесе үшінші тұлғаның кінәлі екенін мойындату. Ең кең таралған азаптау тәсілі – ұрып-соғу. Кейде адамдар өліп кетіп те жатады. Оның басқа да түрлері бар, мысалы, адамның басына пакет кигізіп ұру, электрошок қолдану, психологиялық қысым көрсету. Мұның бәрі көрінетін із қалдырмайды, бірақ тергеушілер өз дегендеріне жетіп жатады. Мұндай оқиғалар жиілеп кетті.

IWPR: 2003 жылы Қырғызстанның Қылмыстық кодексіне «Азаптау» бабы енгізілді. Бұл жағдайды өзгертті ме?

Багишбеков: Сол кезден бастап бұл бап бойынша бірде-бір сот шешімі шыққан жоқ. Үш қылмыстық іс қозғалды: Сокулук ауданында, Жала-Абад, Нарын облыстарында. Бірақ, олар шешімге ие емес.

IWPR: Бұл бап неге жұмыс істемей отыр?

Багишбеков: Оған құқықтық және саяси себептер бар. Мемлекет өзінің сыртқы бет-бейнесін құртқысы келмейді, сондықтан азаптау бойынша статистика жүргізбейді. «Азаптау» бабында азаптаудың не екеніне нақты анықтама жоқ. Сондықтан мамандарға дәл осы бапта көрсетілген қылмыс түрін дәлелдеу қиынға соғады. Оның үстіне ол іс жүзінде қолданылмайды. Прокуратура қызмет бабын асыра пайдалану бабын пайдаланады, ал «Азаптау» бабы аса ауыр қылмыс болып саналмайды, оған кешірім беру актісі қарастырылған.

IWPR: Онда қызмет бабын асыра пайдаланғаны үшін түрмеге отырғызу қажет шығар?

Багишбеков: Біз де осы бапты пайдаланамыз. Тек «Азаптау» бабы ғана жұмыс істемейді деп айтуға болмайды. Осыған ұқсас ҚК басқа баптары да пайдаланылмайды. Жазалау жүйесі азаптауды қолдануға қарсы жұмыс істемейді.

IWPR: Жүйені жұмыс істеткізу қажет қой?

Багишбеков: Біз ҚК-ке арнап бірқатар өзгерістер дайындап жатырмыз. Олар: бұл қылмыс түрін ауыр қылмысқа жатқызу және оларға кешірім беру актісін қолдануды бермеу.

IWPR: Ең көп азапталатын кімдер? Оларға көмек беруге бола ма?

Багишбеков: Ең көп азапталатын халықтың ең осал топтары, яғни ақша бере алмайтын, «қамқоршысы» жоқ азаматтар. Бұл жерде үлкен, кіші, әйел, ер, сотталған, сотталмаған ө оған қарамайды. Барлығы азаматтың өзі мен ішкі істер қызметкерлеріне байланысты. Әйелдерге қарсы азаптауды басқа түрлері қолданылады: сексуалды зорлық немесе қорқытын, үркіту. Тәжірибеден көргеніміздей тіпті екіқабат әйелдердің өзі азаптаудан қашып құтыла алмайды.

Оларды қайта қалпына келтіру өте қиын процесс. Адамдарда психологиялық проблемалар пайда болады. Біздің ұйымның аясында азаптау құрбандарын қалпына келтіру бағдарламасы бар. Ол жерде психологтар, психотерапевтер, әлеуметтік қызметкерлер адамдарға көмек береді. Мұндай бағдарламалар қажет, адамдарға жан-жақтан көмек беру қажет.

Қалпына келтіру процесі алты ай немесе одан көп уақытқа дейін созылады. Кейбіреулер үшін жылдарға созылуы мүмкін. Бәрі адамның өзіне байланысты. Менің ойымша, ең дұрыс ем осы заңдарды қолданған жанға қарсы әділ шешім шығару болар еді. Қоғамның да көмегі қажет. Халық уақытша қамауға алу изоляторында (УҚИ) бірнеше күн отырса қылмыскер болмайтынын түсінуі керек.

IWPR: Кейбір шенеуніктер оңашада азаптаудың бар екенін мойындап жатады. Мемлекет бұл мәселені шешуде не істеп жатыр?

Багишбеков: Азаптауға қарсы күресте омбудсменнің жұмысын атауға болады. Сонымен қатар, тұрақты түрде мониторинг жүргізіп отыратын депутаттар да бар. Мысалы, парламент депутаты Алишер Мамасалиев мониторинг нәтижелерін жиі жариялайды. Прокуратура органдары азаптау фактілеріне мән бере қоймайды, бірақ бұл олардың айналысатын ісі ғой.

Күштік емес құрылымдардың қызметкерлері проблеманы мойындайды, бірақ оған әртүрлі қарайды.

IWPR: Сіздің ойыңызша, азаптауға қарсы Ұлттық превентивті механизм қабылданған соң жағдай өзгере ме?

Багишбеков: Тиімді ҰПМ болады деген үміт бар. Бұл жерде ел билігінің саяси еркі маңызды. Біз қанша айтқанмен де, «жоғарыдан» шешім болмай, құқық қорғау органдары қарсылық көрсете береді. Жақсы заң болып, бірақ саяси ерік болмаса бәрі пайдасыз. Сарапшылардың мониторинг бойынша тобын ешкім ешқайда жібермейді.

Анықтама:

Азаптауға қарсы Ұлттық превентивті механизм қамауға алу орындарына (колониялар және басқа арнайы орындар) тұрақыт түрде барып тұруды ұйғарады. Халықаралық міндеттемелерге сай Қырғызстан ҰПМ-ді 2010 жылдың қаңтарының соңында енгізуі қажет.

Ирина Кузнецова, Бішкек, Қырғызстан



ФОТОГРАФ УМИДА АХМЕДОВА ӨЗБЕК ХАЛҚЫН «МАСҚАРАЛАДЫ» ДЕП АЙЫПТАЛДЫ



2010 жылдың 10 ақпанында атақты фотограф-документалист, өзбек халқын «масқаралады» деген айып тағылған Умида Ахмедованың ісі бойынша шешім жарияланды. Сот айыпталушыны Өзбекстанның Қылмыстық Кодексінің 139 «Жала жабу» және 140 «Қорлау» баптары бойынша кінәлі деп тауып, Өзбекстан Республикасының 18 жылдығына байланысты Олий Мажлис Сенатының қаулысының негізінде, Ахметоваға кешірім беру туралы шешім шығарды.

Сот отырысы ашық түрде журналистердің, сыртқы саяси ведомствлар өкілдерінің және құқық қорғаушылардың қатысуымен өтті.

Сурат Икрамов, Өзбекстанның Тәуелсіз Құқық қорғаушыларының Бастамашыл Тобының Төрағасы (ӨТҚБТ) сотқа қатысты және осы іс бойынша IWPR сұрақтарына жауап берді:

**«Сурат Икрамов:
«ОЛАР ОНЫ ЖАЙДАН-ЖАЙ
АҚТАЙ АЛМАЙТЫН ЕДҮ,
СОНДЫҚТАН КЕШҮРҮМ
БЕРУДҮ ҚОЛДАНДЫ»**



IWPR: Сот қалай өтті?

Икрамов: Сот 9 ақпан күні болды, келесі күні кешке шешім шығарылды. Қорғашы мен Умида Ахмедова берген барлық өтініш қабылданбады. Ең күлкілісі, сотта фотоальбомдар мен фильмдерге шешім шығарған сарапшылар болды. Бір қызығы олардың ешқайсысы фотография немесе кинодокументалистика саласының маманы емес.

Бірақ бұл дайындалған іс болғаннан кейін сарапшылар тек орындаушылар болды. Басқа ешқандай куәгерлер болған жоқ. Сот ешқандай қажеттілік жоқ деп шешсе керек.

Менің ойымша, шешім шығарудағы асығушылық бүкіл әлемге шу көтерілді, бұл биліктің алаңдаушылығын туғызды. Бұл соттың іс-әрекетінен де байқалып тұрды.

IWPR: Сот неге ашық өтті? Соңғы жарты жылда журналистер мен тәуелсіз құқыққорғаушылар көп сотқа жіберілмеген еді...

Икрамов: «Жала жабу» және «Қорлау» баптары ашық сот процесін талап етеді. Сот айыптау үшін қандай да бір кінә табуға үміттенген секілді. Әйтеуір, шешім тез шығарылды.

IWPR: Умианы бірден-ақ ақтап алу Сіздің ойыңызша немен байланысты?

Икрамов: Кешірім беру оның кінәсін жоққа шығармайды және қалпына келтірмейді. Кешірім беру – сот тарапынан айыпталушының кінәсін мойындау және мемлекет тарапынан кешірім беруді білдіреді. Қорғаушы Ахмедованы толық ақтауды сұраған, себебі қылмыстық

құрам жоқ, сот та оның кінәсін толық дәлелдей алмады. Тіпті сот залында екі он бес минуттық Умиданың киносын көрсеткенді аудитория қол соғып мақтап жатты.

IWPR: Егере оны ақтап алған жағдайда не болар еді?

Икрамов: Тергеуші мен прокурорқа қатысты іске нүкте қойылатын еді, олар қылмыстық істі фабрикациялағаны үшін жауап берулері тиіс.

Умида қамауға алынбаса да моралдық және материалдық шығын болды, ал оны қалпына кетіру қажет. Айтпақшы, өзбек заңы бойынша кешірім бір рет қана беріледі, егер, оның беті аулақ болсын, билік тағы бір рет іс қозғаса, кешірім беру мүмкін болмайды.

IWPR: Көптеген сарапшылар Умиданың үстінен қозғалған сот биліктің еркін ойлы жандарға қарсы іс-әрекетін анықтайды деген еді. Сіз бұл жағдайда қалай сипаттайсыз?

Икрамов: Өзге ойлылармен күрес Өзбекстанда жалғасады. Билік өнер мен мәдениет қайраткерлеріне үндемеуді көрсеткісі келеді. Режим тіпті саясатпен байланысы болмаса да тәуелсіз қызметті тоқтатқысы келеді. Сондықтан біз Умида Ахмедованың жұбайы үшін де, ол әйелімен бірге жұмыс авторы болған, спорт комментаторы Хайрулло Хамидов үшін де, жақында оның үстінен сот басталады, алаңдаймыз.

Бұл басқалар үшін сақтаныңдар деген белгі секілді.

Орта Азиядағы IWPR қызметкерлері



Вячеслав Мамедов: «ТҮРКМЕНИСТАНДА ПАРТИЯ ҚҰРУ РЕПРЕССИЯҒА АЛЫП КЕЛУУ МҮМКҮН»



18 ақпан күні болған Түркменстанның министрлер кабинетінің кеңейтілген отырысында, президент Гурбангулы Бердымухаммедов партияларды, оның ішінде оппозициялық та бар, құруға және ықылас танытқандар болса мұндай партияның осы жылы-ақ тіркелетінін айтты.

Болашақ партия елдегі жалғыз президентпен қоса, бүкіл шенеуніктер кіретін Демократиялық партияға бәсекелестік тудыруы қажет.

Оппозициялық партиялар мен қозғалыстар қуғында және шет елде орналасқан.

Түркменстанда көппартиялы жүйе құру қаншалықты маңызды екені жайлы NBCA берген сұхбатында дисидент, Нидерландыдағы Түркменстанның Азаматтық Демократиялық Кеңесінің жетекшісі Вячеслав Мамедов айтып берді.

NBCA: Президент партиялық құрылысқа жол ашып берді, Сіздің ойыңызша, бұдан кейін не болады?

Вячеслав Мамедов: Бұдан кейін көрші мемлекеттер мен Ресейдегі секілді үкіметтік партиялар құру басталады. Бұл билікке пікір алуандығы жайлы елес туғызу үшін қажет, себебі Түркменстан соңғы жиырма жыл бойы

көппартиялылық жүйенің жоқтығына байланысты сынға ұшырап келеді. Соныдақтан, мүмкін, қандай да бір партиялар құрылуы мүмкін, бірақ сол бір партиялық жүйе қала береді.

NBCA: Неге мұндай кесімді шешім?

Мамедов: Себебі, бүгінгі күні Түркменстанда саяси партияларды құру мен дамыту үшін ешқандай жағдай жоқ. Біріншіден, құқықтық база жоқ, «Саяси партиялар туралы» заңда жоқ. Билік Конституцияда бар бапты жеткілікті деп санайтын болса керек.

Екіншіден, саяси партияларды қазіргі қоғамдық-саяси жағдайда құру мүмкін емес. Себебі партия құру үшін либерализация процесі жүру керек. Түркменстандағы саяси қашқындардың қайта оралуы талқылануы қажет. Бізде шет елде тіркелген оппозициялық партиялар бар емес пе, мысалы «Ватан» [«Отан»] қозғалысы және Түркменстанның Республикалық партиясы. Алайда, бәрі олардың қазіргі кезде ел ішінде жұмыс жүргізуінің мүмкін еместігін түсінеді.

Дұрыс, қалыпты саяси партия жұмыс істеуі үшін бұқаралық ақпарат құралдарына, митинг пен демонстрация өткізуге еркіндік берілуі қажет, саяси тұтқындар бостандық алуы қажет.

NBCA: Сіздің ойыңызша, бұл алғы-

шарттар саяси партиялардың жұмысы үшін жеткілікті деп санайсыз ба? Мысалы, көршілес Өзбекстанда партиялардың саны бар, алайда Сіз айтып отырған сөз бостандығы, демонстрация бостандығы жоқ.

Мамедов: Мәселе осыда ғой, Өзбекстандағы партиялар ел дамуына ешқандай үлес қосып жатқан жоқ. Сондықтан, түркімен партиялары тек біріккен биліктік партиялар ғана болады.

NBCA: Сіздің ойыңызша, түркімен қоғамы көппартиялы жүйеге қаншалықты дайын?

Мамедов: Азаматтық қоғам жоқ елде көппартиялы жүйе құру мүмкін емес. Бұл жүйені құру үшін кем дегенде бес жыл қажет. Қазіргі кезде, халық нағыз қоғамдық, үкіметтік емес ұымдар жайлы түсінігін жоғалтқан. Ал саны аз белсенділер арнайы қызмет үшін нысана болуы мүмкін. Белсенді азаматтық қоғам пайда болмай, партиялық құрылыс тек декларацияға ғана алып келеді.

Сонымен қатар, партия құру үшін дайындық кезеңі қажет, мемлекет пен халық репрессия, қуғын мен тәуелділік қорқынышынан құтылуы қажет. Әзірге бұл факторлар бізде жеткілікті.

NBCA: Сіз Түркменстан территориясында партияға құруға бел шешер ме едіңіз?

Мамедов: Қазіргі жағдайда әрине жоқ. Себебі билік партиялық және оппозициялық қызметпен айналысатындарға қауіпсіздік үшін кепілдік бермейді. Кімде-кім мұндай жұмысты бастаса оны репрессия күтіп тұр. Билік үшін олардың нұсқауынсыз партия құрып бастағандарды қамауға алу түкке де тұрмайды.

Инга Сикорская, IWPR редакторы





Қазақстандағы исламистерге жасалынып отырған қысым

Билік жекелеген діни топтарды радикалдылық пен бүлікшілдік іс-әрекеттермен айыптап, оларға қарсы шұғыл шаралар қолдануда.

Қазақстанның батысындағы ислам қауымдастығының жақтастары билік тарапынан қысым көріп отырғандарын айтады; сонымен қатар, құқыққорғаушылар шет елге қашқан қауым мүшелеріне отандарына оралған соң, қауіп төнуі мүмкін дейді.



Қазақстан билігі «Таза дін» қауымдастығын экстремистік пиғылда деп, оны қатер ретінде қарастырып күдік тағып отыр.

«Таза діннің» 200-ге жуық мүшесі соңғы жылдары Чех Республикасының билігінен пана сұрады, алайда Еуропа мемлекеттері олардың көбіне баспана беруден бас тартты. Құқыққорғаушылардың айтуынша, Қазақстанға оралған босқындар қауіп-қатерге кезігуі мүмкін.

Прага қаласындағы Азат Еуропа Радиосы/ Азаттық Радиосы (RFE/RL) 18 ақпан күнгі есебінде елде қалуға құқық алғандарды санамағанда Чех Республикасында баспана іздеген босқындар тұрақты түрде депортацияға кету қаупінде. Сонымен қатар, есепте осы дінді ұстанатындардың бірі Марғұлан Мұхамбетовтың 2009 жылдың қазанында депортациялануы кеңінен жоспарланған депортацияның алдында «тамыр басып көру» болуы мүмкін. RFE/RL Словенияға қашқан үш отбасының бірі 2009 жылдың жел-

тоқсанында баспана алғанын айтады. Қазақстандағы «Таза дін» ізбасарларының басым бөлігі секілді сүннеттік бағытты ұстанатын мұсылмандар исламның ақиқат ұстанымдарын ұстанатынын айтады. Олар ресми ислам қауымдастығы – Қазақстанның мұсылмандарының діни басқармасының құрамын кірмейді.

«Таза дін» мүшелерін салафиттер деп атайды, олар сүннеттік исламның фундаменталистік ағымының соғынан ерушілер. Олардың кейбір іс-әрекеттері Орта Азиядағы Тәжікстандағы аталған ағымға ұқсас болса да, өздеріне қатысты бұл атауды мойындамайды.

Салафиттердің негізгі бөлігі Қазақстанның батысындағы Атырау және Маңғыстау облыстарында тұрады.

IWPR «Таза дін» ізбасары Әлиханмен сөйлесті, ол өзінің тегін атауға қорықты. Әлихан өз қауымының қуғындалу себебін дінінің ресми діннен тәуелсіздігінен көреді. Мемлекет бақылауына алмайтын дүниенің бәрі заңсыз деп танылады, бұл дінге де қатысты дейді ол. себебі «Ресми діни ұйым мемлекеттік идеологияны жүргізеді. Яғни билік бізге өз ықпалын жүргізеді. Бұл біздің дінге қарамақайшы келеді, соныдақтан «Таза дін» Қазақстанда оппозиция түрінде пайда болды. Бірақ, біз бейбітпіз, ешкіммен жаға жыртыспаймыз», - дейді ол.

«Мемориал» мәскеулік құқыққорғау қауымының Ортаазиялық бағдарламасының директоры Виталий Пономарев «Таза дін» мүшелеріне Қазақстан билігінен қауіптенуге барлық негіз бар дейді.

Жақында ислам фундаменталистерінің қатысуымен болған сот процес-

тері Қазақстанна сырт жерлерде елеусіз өтті. Өткен жылдың қыркүйегінде Ақтөбе облысындағы басқа діни ұйымның алты мүшесі «лаңкестік акция жоспарлады» деп айыпталды. Шамаланған бастамашы Азамат Кәрімбаев 17 жылға бас бостандығынан айрылып, желтоқсан айында түрмеде қаза тапты. Оның жесірі Айман RFE/RL-ға күйеуінің тек өздері тұратын ауылда мешіт тұрғызды ғана ұйымдастырғанын айтады. 12 ақпан күні Астана соты екі еркекті лаңкестік іс-әрекет бойынша айыптайтын шешімді өзгеріссіз қалдырды. Екеуі де Ресейден арнайы алдырылды.

Қыркүйек айында 3 жылға бас бостандығынан айыру туралы шешім бизнесмен, «Таза дінде» жетекші рөл ойнаған, заңсыз қару ұстады және есірткі сақтады деп айыпталған Серікбай Латипуллаевқа шығарылды. Оның туыстары айыптаудың алдын-ала дайындалғанын, шын мәнінде оны діни сенімі үшін бас бостандығынан айырғанын айтады.

«Серікбай 2003 жылы өз қаражатына мешіт салды. Жанына көптеген мұсылмандарды жинады. Біз экстремист немесе діни радикалдар емеспіз. Біз бейбіт мұсылмандармыз, атабамамызды жолын қуып, таза дінді ұстанамыз», - дейді Шариполла Сайфуллин, сотталушының туысы.

Отбасының басқа мүшелері бұл іс жайында басқа мәселелер туындап кете ме деп қорқып айтпайды.

«Латипуллаев шешімге қарсы келмей, үш жыл отырып шығуды жөн көрді. Оның шартты түрде мерзімнен бұрын бостандыққа шығуға құқығы бар. Егер бәрі жақсы болса, бір жылдан кейін босап шыға алады», - деді өз аты-жөнін айтуды жөн көрмеген бір қорғаушы.

1996 жылы Атаур мен Маңғыстаудағы «Таза діннің» 200-ге жуық ерушісі туған жерлерінде қуғынға ұшырауына байланысты Чех Республикасын-



да саяси баспана алу туралы өтініш жазды. Бүгінгі күні өтініштің барлығы дерлік қанағаттандырылған жоқ.

Босқындар Чехия билігі оларға әділетсіз қарайды дейді. Өткен жылдың ақпанында Прага қаласының орталығында олар өздеріне адамшылықпен қараудды талап етіп митинг өткізді.

Лондонда тұратын қазақстандық құқық-қорғаушы Ержан Досмұхамедов Чех Республикасын халықаралық конвенциялар бойынша өз міндеттерін сақтамайды деп айыптайды.

Оның ойынша, Чехия билігі өткен жылдың қазанында Мұхамбетовты депортациялаған келісім шартын залыққа жария етуі тиіс.



«Адам саяси босқын болса, халықаралық актілерге сәйкес ол бірде бір демократиялық емес режимнің қолына берілуі тиіс емес», - дейді Досмұхамедов.

Алматы қаласының әуежайына келген соң Мұхамбетов жоғалып кеткен, содан бері ол туралы бірде бір хабар жоқ. IWPR оның ұсталғаны немесе жасырын іс-әрекетке көшкенін анықтай алған жоқ.

Даянат Ердешев Қазақстаннан өз отбасымен бірге қашқан. Осының алдында ол жергілікті журналистерге тамыз айының соңында әйелінің соққыға жығылғанын айтады.

Оның жұбайы екі шабуыл жасаушыны тани алмаған, алайда, Ердешев олардың арнайы қызмет адамдар екендігіне сенімді.

Жергілікті журналист, осы істі қадағалаған Азамат Майтанов: «Маған Ердешев Хабарлағандай оның әйелімен болған оқиға ердешевтың өзін ҰҚК-нің аудандық басқармасында тергеуге алғаннан соң бірнеше күннен соң орын алған. Даянаттың сөзіне қарағанда оның әйелін түрмеге отырғызамыз деп қорқытып-үркіткен. Осыдан кейін ол Еуропаға қашты, ал нақты қайда кеткені белгісіз. Байланыс жоғалды», - дейді.

Ердешев тұрған Құрманғазы аудандық діни экстремизмге қарсы күрес бөлімінің бастығы Марат Шамбилов оның адамдарының әйелді ұрғаны жайлы ақпаратты теріске шығарады. Ол бұл іс жайында құзірінің жоқтығына байланысты басқа пікір беруден бас тартты.

Қазақстан билігі «Таза діннің» мойындалмаған жағдайда өмір сүруге құқығы жоқ дейді.

Батыс Қазақстан әділет департаментінің діни істер бойынша бөлімінің бастығы Надежда-Голубир барлық діни ұйымдардың заңдық негізде жұмыс істеу үшін ресми тіркеуге алынуы қажеткендігін айтады.

«Тіркеуден қашқан немесе жасырын әрекетке көшкен діни ұйым заңсыз деп танылады. Олардың қызметі қатаң түрде тоқтатылады», - дейді ол.

Саясаттанушы Андрей Чеботарев билік, әсіресе құқыққорғау органдары негізгі ағымнан басқа (ресми ислам құрылымдары мен орыс православ шіркеуі) діни ұйымдарға байланысты тырнақ астынан кір іздейді дейді.

«Салафиттердің бейнесінен олар жаңа жау табуға тырысуы да мүмкін», - дейді Чеботарев.

Артур Нугметов , Орал қ., Қазақстан



Қырғызстан: журналистік қауіпсіздікке байланысты алаңдаушылық

Жасалынған шабуылдар медиа-қауымдастықты іс-әрекетке көшуге мәжбүрлеуде.

Қырғызстандық журналистерге жасалған шабуылдар толқыны журналистерді, жергілікті және халықаралық ұйымдарды алаңдатып отыр. Медиа-өкілдіктер, сонымен қатар, Қырғызстан билігінің журналистерге қарсы қылмысты тергеуде және кінәлілерді айыпқа тартуға талпынбағанына байланысты да абыржулығын білдірді.

Қырғызстан журналистер Ассоциациясының мәліметтері бойынша соңғы төрт жылда кем дегенде 58 журналистке шабуыл жасалған.

Қырғызстанның ішкі істер Министрлігі 2005 жылдан 2009 жылға 28 шабуыл тіркелген, олардың 23-і бойынша қылмыстық іс қозғалып 5-і қаралмаған.

Шабуылдың соңғы құрбаны 22 желтоқсан күні ауруханада қаза тапқан Геннадий Павлюк болды. Ол жерге журналист қолы байлаулы күйде көпқабатты үйдің терезінен лақтырылған

соң түскен. Бұл көрші Қазақстанның қаржылық астанасы Алматыда болған, Қазақстан полициясы бұл істі кісі өлтіру деп бағалады. Қазақстандық КТК телеарнасының хабарлауынша Қырғызстанның үш қауіпсіздік қызметкері журналистек кездесу белгілегенін және өлім болған пәтерде олардың да болғаны жайында айтты. Қырғызстанның ұлттық қауіпсіздігі Мемлекеттік қызметі баспасөз-қызметі бұл мәліметті жоққа шығарады.

Павлюкпен бірге қызмет істеген адамдар оның өлімін Қырғызстандағы жұмысымен байланыстырады.

«Ата Мекен» оппозициялық партиясының лидері Омурбек Текебаев Азат Еуропа Радиосы/ Азаттық Радиосына (RFE/RL) Павлюкпен веб-сайт құру жоспарларын талықлау үшін қазадан аз уақыт бұрын кездескенін айтады.

Текебаев atameken.kg партияның ресми жаршысы емес, тәуелсіз веб-сайт болу керек деген пікірде.

«Менің ойымша, бұл саяси негізделген қылмыс. Бұл Қырғызстандағы сөз



бостандығын шектеуге арналған тағы бір шабуыл», - дейді ол.

Текебаев сонымен қатар, Павлюктің жақында бірнеше мақала мен сұхбат жариялағанын, оларда қырғыз билігін сынға алғанын айтады.

Қырғызстандағы медиа-өкілдік Институтының өкілі Акмат Алагушев елдегі құқыққорғау органдарына журналистерге жасалған қылмыстарды ашуларға қажет екендігін айтты.

«Елдегі сөз бостандығы қылмыстың қалай тергеліп, кінәлілердің қалай

жазаланатындығына байланысты», - дейді ол.

Штаб-пәтері Нью-Йоркте орналасқан халықаралық үкіметтік емес Журналистерді қорғау комитеті ұйымы Павлюк ісін бақылауына алды. Еуропа және орта-азия бағдарламасының директоры Нина Огниянова: «Бұл тергеу екіжақты әріптестіксіз сәтті болмайды. Біз қазақстандық тергеушілерді Қырғызстандағы әріптестерімен біріге отырып жұмыс істеуге шақырамыз және Қырғызстан үкіметінің қажетті көмек беруін талап етеміз», - деп мәлімдеді.

Қырғызстандық журналистерге жасалған шабуылдарға байланысты оқиғаға пікір сұраған IWPR-ға президент Секретариатының өзара қарым-қатынас қызметінің жетекшісі Илим Карыпбеков билік сөз бостандығын қорғайды деп жауап берді.

«Біз мемлекетті демократия тұжырымдары негізінде, сөз бостандығын насихаттай отырып құрамыз. Бізге журналистердің қауіпсіздігінің қамтамасыз етілгені, БАҚ қызметкерлеріне жасалған шабуылдардың ашылғаны қажет», - деді ол.

Карыпбеков журналистерге жасалған шабуылдар бойынша құқыққорғау органдарының айналысатынын, ал секретариат олардың жұмысын қадағалайтынын айтты.

«Біз қоғамды тергеу барысындағы ақпаратпен қамтамасыз етіп отыра-



мыз. Біз медиа қауымдастықтың та- рапынан жауап қадам, негізсіз айыпта- улар ғана емес, бірлікті ұсыныстар мен шешімдерді күтеміз», - деді Карыпбеков.

Тек желтоқсан айының өзінде ғана Палюктің өлімі осындай үшінші оқи- ға болып отыр. Өткен жылдың желтоқ- санында ресейлік Росбалт жаңалықтар агенттігінің корреспонденті Александр Евграфов Бішкек қаласында соққыға жығылды.

Бұдан бірнеше күн кейін Ош қала- сындағы «Ош шамы» газетінің ре- дакциясына қорқытып-үркіту сөздері жазылған конверт пен Калашников автоматының оқтары жіберілген.

Ал 2007 және 2009 жылдары тәуелсіз журналистер Алишер Саипов пен Ал- маз Ташиев өлтірілді. Атақты журна- лист, Ош қаласында жұмыс істейтін, ұлты өзбек Саипов көшеде белгісіз адамның қолынан қаза тапқан. Ол «Сиёсат» газетінің негізгі қалады, көршілес Өзбекстандағы құқыққорғау жағдайын сынға алуымен танымал болды.

Тәуелсіз журналист, бірнеше жаңалық агенттіктері және «Агым» газетімен жұ- мыс істеген Ташиев жаңа паспортын алуға милицияға келгенде құқыққорғау органдарының қызметкерлерімен соқ- қыға жығылды.

Бұл өлімдерге байланысты ешкім жауапқа тартылған жоқ.

Бұдан бөлек «Репортер» газетінің тіл- шісі Сырғык Абдылдаевқа пышақ са- лынып, шабуыл жасалды; мемлекет- тік тарату компаниясының журналисті Кайрат Биримкулов соққыға жығылды; НБТ телеарнасының журналисті Гуль- мира Уметалиева, жарақат алып, ка- мерасы сындырылды; саяси коммен- татор Александр Князев тоналып, но- утбугы мен ақшасын тартып алды.

Кем дегенде алты журналист 2005 жылы саяси баспана іздеп елден кетті. «Журналист» қоғамдық ұйымының жетекшісі Марат Токоевтың сөзіне қарағанда шабуылдардың қатігездігі тенденцияға айналып келе жатыр.

«Мен журналистерге жасалған ша- буылдардың саны артты дей алмай- мын, алайда олардың түр-сипаты өзгеруде. Олар қатігезденіп барады, нәтижесінде журналистер ауруханаға түсіп, тіпті қаза тауып жатыр», - деді ол.

Токоев оның ұйымы ЕҚЫҰ сарапшы- ларымен және заңгерлер, милиция, журналистермен шабуылдардың шы- найы санын және олардың шын мө- нінде журналистің қызмет бабына байланысты болған-болмағанын білу мақсатында жұмыс істегенін айтты.

Зерттеу қорытындысы Бішкектегі ЕҚЫҰ Орталығын журналист қауіпсіз- дігін 2010 жылға негізгі басым бағыт- тардың бірі етіп алуына мәжбүр етті.

IWPR берген сұхбатында Бішкектегі ЕҚЫҰ Орталығының басшысы орын- басары Лилиан Дарий ұйымның жур- налист жұмысын жауапкершілікпен, қауіпсіздікте, қорқынышсыз жасай ала- тын жағдай жасау үшін ат салысаты- нын айтты.

Ол ЕҚЫҰ миссиясы журналистерге заңдық көмек беру және халық ара- сында осы мәселені талқылауды қолдау екенін айтты.

«ЕҚЫҰ Қырғызстан үкіметіне қазіргі жағдайды реттеуге шақыруда. ЕҚЫҰ БАҚ бостандығының деңгейін сын көтермейді деп бағалады», - дейді ол.

Токоев ЕҚЫҰ-ның журналистік қауіпсіздіктің негізгі басымдық- тардың бірі екені жайлы мә- лімдемесін қолдайты- нын айтты, бірақ ол проблеманы бар- лықтараптар бір- іккенде ғана шешуге бо- латынын айтад.

«Қысым көрсету мен боп-саға қарсы тұру үшін, журналистерге бір күшке айналуы керек», - дейді ол.

Асыл Осмоналиева, Қырғызстан



«ҚЫРҒЫЗСТАНДАҒЫ АЗАПТАУ ҮСҮ ЖАҒЫМДЫ ЖАҒДАЙҒА АУЫСУЫ МҮМКҮН»

Күштеп мойындату негізінде шығарылған үкімнің орындалмауы азаптауға қарсы күресте жаңа қадамдарға әкелуі мүмкін. Алайда келтірілген шығынның орнын толтыру мен азаптауды қолданған және жасырып қалған кінәлілерді сот тергеуіне тарту қажет.

Милиция ұстап, мойындату мақсатында ұрып-соққан Павел Злобин ісі, екіншіше орай Орта Азиядағы жалғыз оқиға емес. Алайда, Қырғызстанның оңтүстігіндегі Ош қаласының 37 жасар тұрғыны тарихқа милиция қызметкерлерін сотқа беріп, оларды азаптауды өзне қарсы қолданғаны жөнінде айыптаған адам ретінде енуі мүмкін.

Злобинді есірткі сатты деп айыптаған, алайда Жоғарғы сот оны ақтап алды. Енді ол құқықорғау органдарынан, сонымен қатар прокуратура мен оның жарақаттары жайында хабарламаған медицина қызметкерлерінен моралдық шығын ретінде 5 миллион сом (шамамен \$115 мың) талап етуде.

2008 жылдың наурызында Злобин тұтқынға алынды, оны уақытша тергеу изоляторына қамады. Оның анасы Валентина Злобина баласының азапталуына байланысты шу көтеріп, құқықорғаушыларға хабарласқан. «Справедливость» құқықорғау ұйымы айыпталушы үшін қорғаушы тапты, ал Валентинаның өзі Қырғызстан заңына сәйкес айыпталушы тарапынан кәсеби емес «қоғамдық қорғаушы» ретінде сотқа қатысты.

«Менің ұлымды оның шын мәнінде жасаған қылмыстары үшін бірнеше рет соттаған болатын, ол кезде мен оны қорғаған жоқпын. Бірақ, оның есірткі сатты дегеніне мен сенбеймін», - дейді ол. Тергеу барысында Злобин өз кінәсін мойындады, бірақ, кейін мойындауды қорқыту мен

азаптаудың нәтижесінде бергенін айтты.

2008 жылдың қазанында Жалал-Абад қалалық соты Злобинді ақтап шықты, себебі оған қарсы келтірілген дәлелдер «процесуалды нормаларды бұзу арқылы алынған».

Злобиннің өзі Жалал-Абадқа жұмыс іздеп келгенін, көшеде жұмыс беріп қалар деген адам күткенін, сол кезде оған милиция қызметкерлері келіп жеке тұлғасын анықтау мақсатында бөлімшеге апарғанын, сол жерде есірткі сатумен айыптағанын айтады.

Тергеушінің сөзіне қарағанда, Злобиннен үлкен пакеттің ішінде екі килограмм героин тапқан.

Қалалық сот тергеу барысында жіберілген көптеген заңбұзушылықтарды тапты. Сотта екі куәгер-қыз Злобинді ұстаған жерде болмағанын мәлімдеді. Осы куәгерлер алдымен Злобинге қарсы куәлік беріп, артынан сотта милицияның күштеуімен осындай қадамға барғанын, ао тергеушіні мүлде көрмегенін айтты.

Алынған мәліметтер мен сот Камчыбек Илиязовтың шешіміне қарамастан прокуратура істі апелляцияға берді,

енді іс Жалал-Абад облыстық сотына өтті. 2008 жылдың желтоқсанында облыстық сот Злобинді ақтау шешімін өзгертіп, оны 16 жылға бас бостандығынан айыру туралы шешім шығарды.


«Справедливость» көмегімен Валентина Злобина президент Құрманбек Бакиевке, елдің Бас Прокуратурасына және Жоғары Сотқа ашық хат жазды. Бұл БАҚ-да үлкен резонанс тудырды. 2009 жылы наурызда Жоғарғы сот облыстық соттың үкімін жоққа шығарды. Өзінің ар-намысын щалпына келтірген Злобин мен оның отбасы әділдікті орнатумен айналысуға кірісті.

«Шындыққа қол жеткіздік, бірақ, біз сонша күш-қуатымызды жұмсадық, сондықтан ұлым тергеу барысында іске кесірін тигізгендерді сотқа беру туралы шешім қабылдады», - дейді Валентина.

«Справедливость» ұйымының өкілі Абдумалик Шарипов Злобиннің ісінің ерекше дейді.

«Біріншіден, іс бойынша толықтай жеіске жеттік. Екіншіден, құқықорғаушыларда тергеушілерді азаптау бабы бойынша жауапқа тарту мүмкіндігі пайда болды: істе Жоғарғы соттың шешімі, медициналық сараптаманың қорытындысы және, ең бастысы, азаптау құрбанының соңына дейін күресуга ықыласы бар», - деді ол.

Келтірілген заланың орнын толтыру үшін күрестің біріңші кезеңі сәтсіз



аякталды. 2009 жылдың карашасында Кыргызстаннын оңтүстігіндегі Ош қалалық соты Злобиннің пайдасына 50 мың сом (шамамен \$1200) өндіріп алу туралы шешім қабылдады.

Мұндай шешімге екі жақтың да көңілі толған жоқ. Жалал-Абад облысының ішкі істер Басқармасы да, өз талабын толықтай қанағаттандыруды талап еткен Злобин де апелляциялық шағым түсірді. Екі шағым да Ош облыстық сотына жіберілді.

Өтемақыны төлеу туралы талаптан бөлек қорғаушы Саидкамал Ахмедов Жалал-Абад прокуратурасына Злобинге қарсы азаптауды қолданған милиционерлерге қарсы тергеу жүргізу туралы өтініш білдірді. Прокуратура қылмыстық іс қозғаудан бас тартты, милиционерлер «тәртіптік жауапкершілік жазасын өтеді» деп хабарлады.

Ахмедов бұл мәселені қалдырмақ емес. «Біз республиканың Жоғары сотына дейін жетпекпіз, ал қажет болса Злобинді азаптаған милиционерлерді жазалау үшін БҰҰ-ның адам құқығы бойынша Комитетіне дейін барамыз. Азаптаудың қажетті дәлелдерінен басқа, бізде Жоғарғы соттың Злобинге қарсы азаптау әдістерінің қолданылғанын айғақтайтын қаулысы бар», - дейді ол.

Кыргызстанда ұсталған тұлғаның азапталғанын дәлелдеу оңай емес. Азаптауға тыйым салатын бап қылмыстық заңнамаға 2003 жылы енгізілді, алайда, Шариповтың сөзіне қарағанда әлі ешкім бұл бап бойынша жауапқа тартылмаған.

(Бұл мәселе бойынша толығырақ Кыргызстан: азаптауды қолдануға байланысты бұдан да қатаңырақ заңнамаға деген үміт сілтемесі бойынша оқи аласыздар).

«Біз Злобин ісі милиционерлер азаптау үшін жасалған алғашқы іс болар деп үміттенеміз. Бұл үшін бізде



барлық мүмкіндік бар. Тек азаптауға байланысты баптың жұмысқа кірісуіне мемлекет басшылығының саяси жігері жетіспейді», - деді Ахмедов.

Илья Лукашов, Кыргызстан



ТӘЖІКСТАНДЫҚ ҚҰҚЫҚҚОРҒАУШЫЛАР ТІРКЕУГЕ АЛУ ИНСТИТУТЫНАН БАС ТАРТУДЫ ТАЛАП ЕТУДЕ

Сын айтушылардың пікірінше, тіркеуге алудың кеңестік жүйесін жою қажет.

Тәжікстандық құқыққорғаушылар өмір сүру үшін міндетті рұқсаттан бас тартуға байланысты компания өткізуде. Олардың пікірінше, бұл рұқсаттар қозғалыс еркіндігінің негізгі құқығына қайшы келеді. Өткен күзде Варшавадағы ЕҚЫҰ демократиялық институттар және адам құқығы бойынша Бюросының аймақтық отырысында адам құқығы мен заңдылықты сақтау бойынша Бюросының тәжік кеңсесі өмір сүру тіркелуін алып тастауға шақырды. Құқыққорғау ұйымының заңгері Сергей Романовтың сөзіне қарағанда ЕҚЫҰ-ның осы отырысынан кейін өзгере қойған ештеңе жоқ.


Тәжікстанда тұрып жатқан адамдардың бәрі тіркемеде тұруы қажет, милицияның жергілікті бөлімшесінде өзінің ресми тұратын орны бойынша белгі соқтырып тұрулары қажет. Тіркеме паспортқа соғылатын белгі түрінде болады және жұмысқа тұру, балаларды мектепке орналастыру үшін және азаматтардың басқа да жағдайларда мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста болуына қажет.

Тіркеуге алу Институты Кеңес Одағының кезінде құрылды халықтың қозғалысын, жекелеп алғанда ауылдық жерлер жұртының қалаға жаппа көшуінің алдын-алу мақсатында құрылған болатын. Бұл тенденция қазір де бар, ел астанасы Душанбе ауылдық жерлерден ақша табу үшін келетін адамдарды өзіне тартуда.

Олардың арасында жолы болғандары, қалада тұрақты түрде тұратын орын бере алатын туыстары немесе үй сатып алуға жағдайы барлар қайта тіркеле алады. Бірақ, көбі қалад жұмыс істеп, тұратындықтарына қарамастан, тіркемеге алынған орындары алыс ауылда болып келеді.

Тіркеменің жоқтығы қылмыс ретінде қарастырылады, ал көрсетілген мекен-жай бойынша тұрмайтын немесе мүлде тіркемесі жоқ азаматтарды анықтау мақсатында милиция құжат тексеру құзырына ие.

Тіркеменің жоқтығы үшін Тәжікстан азаматтары мен шет елдіктер 37 АҚШ доллары көлеміне дейін айыппұл төлеуі тиіс, ал тіркемесіз азаматтарды қабылдаған жұмысберуші 160 доллар айыппұл төлейді. Айыппұлдың мұндай болуы орта жалақы



көлемі айып 60 долларды құрайтын елде айтарлықтай сома. Тіркемеге байланысты заң бұзушылықтар милиция үшін жақсы табыс көзі, олар кез келген адамды ұстап, тек пара алған соң ғана жібереді.

37 жастағы Абдухалим IWPR-ға өткен жылы астанаға солтүстік Соғды облысындағы аулынан жұмыстың жоқтығына байланысты келгенін айтты. Душанбеде ол elektrik болып жұмысқа орналасып, пәтер жалдап тұрды.

Бірде оған бөлімшелік милиция қызметкері келіп Абдухалим мен оның отбасының тіркемесі жоқ екенін анықтайды. Ол Абдухалимді бөлімшеге апарып, 11 доллар шамасында пара алған соң босатып жібереді.

Пәтер иесі де ресми айыппұл төлеуге мәжбүр болды, себебі Абдухалимнің отбасы пәтер жалдау туралы келісім-шартсыз тұрған. Осыған байланысты оларға бұл пәтерден кету керек болды.



20 жастағы Артур IWPR-ға тіркеме алуға байланысты шыққан қиындықтар жайлы айтып берді. Артур паспорт ала алмаған, себебі 15 жасында 2,5 жылға түзету мекемесіне ұрлық үшін түседі. Қазір ол паспорт ала алмайды, себебі тіркемесі жоқ, ал тіркеуге тұру үшін паспорт қажет дейді Артур.

«Шеті-шегі жоқ шеңбер пайда болды, мен не істеу керектігін де білмеймін», – дейді Артур. Қазір уақытша достарында тұрып жатқан Артур пара беріп паспорт алмақшы.

«Маған паспорт қызметкеріне пара беріп, кейін жатақханалардың бірінде тіркеуге тұру туралы кеңес берді. Бұл менің соңғы үмітім», – дейді ол.

Бұл жүйе қозғалыс еркіндігі мен мекен-жай таңдау құқығын беретін Тәжікстанның Конституциясына, сонымен қатар Тәжікстан мүше болып келетін Халықаралық азаматтық және саяси партиялар пактісіне қайшы келеді.

Ішкі істер органының қызметкері, 10 жыл шамасында паспорт жүйесінде қызмет істеген Сайдакрам Ёров аталған системаны өзгерту керектігімен келіседі.

«Халықаралық тәжірибеде тіркеме деген түсінік жоқ. Көптеген елдерде азаматтарды тіркеуге алу үшін ескерту ұстанымы түрінде болып келеді», – дейді ол.

Заңгер Абдукаюм Юсуфов міндетті тіркеуге алу ескірген дүние екенімен келіседі және қандай да бір жағдай бол-

масын ол билікке кімнің қайда тұрып жатқандығы жөнінде нақты ақпарат бермейді.

«Көп азамат бір мекен-жай бойынша тіркеліп, басқа мекен-жай бойынша тұрып жатады, – дейді Юсуфов.

Алайда бұл жүйенің жақтастары да жоқ емес. Олар институт заң сақтауға көмек береді деп санайды.

«Апта сайын Душанбеге жүздеген адамдар келеді. Олардың арасында қылмыстық өмірі бар жандар да болуы мүмкін. Милиция олардың қайда тұрып және не істеп жатқанын біліп отырса бақылау оңай», – дейді тәжік парламентінің депутаты Галлия Рабиева.

Рабиева тіркеме біреудің құқығын шектейді деген пікірмен келіспейді. «Біздің азаматтар елдің бір шетінен екінші шетіне еркін көшіп-қона алады, жұмысқа да кез келген жерге тұруға мүмкіндігі бар», – дейді ол.

Аты-жөнін айтуды жөн көрмеген милиционер IWPR-ға қылмыс пен ішкі консерватизмнің алдындағы қорқыныш аталған жүйені реформалауға бөгет болуы мүмкін.

«Тіркеуге алу институтын жоюға кеңестік тәрбиедегі шенеуніктер мүмкіндік бермеуде», – дейді ол.

Наргис Хамрабаева – «Asia-Plus» тәжік жаңалықтар агенттігінің журналисті.

Нафиса Писареджева – Тәжікстандағы IWPR тренин-гтерінен өткен журналист.

ТӘЖІКСТАН: ГАЗЕТТЕРГЕ ҚАРСЫ ШАҒЫМДАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ АЛАҢДАУШЫЛЫҚ

Медиа-бақылаушылардың пікірінше, жала жабуға байланысты сот істерінің бірқатары сайлау қарсаңында үш мерзімді басылымға қарсы жүргізілетін алдын-ала келісілген кампанияға ұқсайды.

Тәжікстанның жетекші газеттеріне қарсы жала жабу айыбы бойынша түсірілген шағымдар 28 ақпанға жоспарланған парламент сайлау қарсаңында биліктің баспасөзге тыйым салуға тырысуы деген қауіп туғызды.

«Азия плюс», «Фараж» және «Озодагон» газеттеріне қарсы істің алғашқы

тыңдалымы бейбіт жолмен шешуге деген сәтсіз ұмтылыстардан кейін 23 ақпанға белігленген болатын.

бұл сот ісіндегі ерекшелік – шағым түсірушілердің үшеуінің сот (олардың екеуі Жоғарғы соттан) екендігі.

Соттар үш газеттен өтемақы ретінде 1,2 миллион АҚШ долларын тең сома сұрап отыр. Айыпталушылардың сөзіне қарағанда, бұл басылымдар бір жыл бұрын парақорлықпен айыпталған бір топ азаматтың қорғаушысының өткен айда берген баспасөз-мәлімдемесі жайлы ақпарат беріп, сол

арқылы соттардың іскерлік еделіне нұқсан келтірген. Шағым берушілердің бірі Жоғарғы сот соты Нур Нуров сот процесі аяқталғанға дейін газетерді жауып тастауды талап етті.

26 қаңтар күні, басылымдардың үстінен шағым түсілерден үш күн бұрын Душанбе қаласының соты «Пайкон» газетіне қарсы талап-арызды қанағаттандырды және оны 70 мың АҚШ долларын төлеуге міндеттеді.

Алғашқы айыппұл өткен жылдың қазанында белгіленген болатын, ол кезде стандарттау, метрология және

сауда инспекциясы Мемлекеттік агенттігі жала жабы бойынша істі жеңді, іс қозғауға себеп болған жағдай: апталық басылымның агенттікке сын жазылған кәсіпкерлерден келген ашық хатты жариялауы болды. Сонымен қатар 26 қаңтарда Тәжікстанның ауыл шаруашылық Министрлігі «Милат» газетін жала жабу айыбы бойынша сотқа беремін деп қорқытты, желтоқсанда жарияланған сыбайлас жемқорлыққа байланысты мақала үшін 230 мың доллар көлемінде өтемақы талап етті.

Сот істерінің сыйлы, тәуелсіз газеттерге қарсы бұл толқыны жергілікті және халықаралық ұйымдардың қарсылығын тудырды. Олардың кейбірі бұл істерді парламент сайлауы қарсаңында баспасөздің «аузын жабуға» деген әрекетпен байланысты деп санайды.

«Тәжікстанның билігі сот жүйесін тәуелсіз БАҚ-н қорқыту үшін пайдаланғанын қою керек», – деді 1 ақпан күні әлемдегі сөз бостандығы үшін шығып жүрген «Шекарасыз репортерлар» ұйымы. (Reporters Without Borders) барлық бес газетке қарсы қозғалған іс-әрекеттерге байланысты.

Бір аптадан соң ЕҚЫҰ-ның бұқаралық ақпарат құралдары еркіндігі мәселе-

лері бойынша өкілі Миклош Харашти Тәжікстанның жоғары шенді шенеуніктері қозғаған сот процестерін «цензура қоюдың қауіпті талпыныстары» деп атады.

«БАҚ ақпарат таратудағы өз құқығын кеңінен пайдалануы үшін, олар жауапқа ақпарат көзі белгілі жарияланымы немесе берілген мәлімдемесі үшін тартылмау тиіс», – дейді ол.

Нью-Йорктік журналистердің қорғау бойынша Комитет (CPJ) талап-арыз иелерінің «Азия Плюс», «Фараж» және «Озодагон» газеттерінен сұрап отырған өтемақысы басылымдарды банкротқа алып келуі мүмкін екенін атап кетті.

«Талап-арыз иелерінің ықпалды соттар екені тәуелсіз баспасөзді сақтануға мәжбүрлеуде», – еді журналистерді қорғау бойынша Комитеттің Еуропа және Орта Азия бойынша бағдарламасының үйлестірушісі Нина Огниянова.

Тәжіктік медиа-ҰЕҰ-дың бір тобы тәуелсіз басылымдарға қарсы «қымбат» сот істерінің көбеюіне байланысты өз алаңдаушылығын білдіріп, мұндай жағдайдың БАҚ еркіндігін одан әрі шектеуге алып келуі мүмкін екендігін ескертті.

Тәжікстанның БАҚ Тәуелсіз Ассоциациясының төрағасы (ТБАҚТА) Нуриддин Каршибоев CPJ-ға оның ойынша жала жабу заңы сайлау алдында сыни көзқарастағы БАҚ-на қарсы пайдалануда. Онымен журналистер Одағының төрағасы Акбарали Сатторов та келісіп отыр.

«Қалай қарасақ та бұл сөз бостандығына қысым көрсеті. Әсіресе сайлау қарсаңында болып отыр. Оның үстіне талап-арызды жай адамдар емес, соттар, министрліктер және мемлекеттік комитеттер түсірді», – деді ол.

«Журналистер естелігі Қорының» төрағасы Мухтор Бокизода 2005 жылдың қаңтарында, соңғы сайлауға бір ай қалғанда оны электр энергиясын жеке баспаханада заңсыз пайдаланды деп айыптады. Бұл кезде ол үкімет пен президентті сынап жүрген «Неруи Сухан» газетінің бас редакторы бола-

тын. Нәтижесінде баспахананы жауып тастады, ал келесі жылы «Неруи Сухан» жарық көрген жоқ, себебі бірде-бір мемлекеттік баспахан онымен бірге жұмыс істеуге келіскен жоқ.

В своем интервью для IWPR-ға берген сұхбатында сот Нуров жала жабу бойынша істің саяси астары жоқ екенін және өзі мен әріптестерінің жеке тұлға ретінде шағым түсіргенін айтты.

«Біз өз арызымызды бердік, бірақ бұл іс біздің пайдамызға шешіледі деген сөз емес», – деді Нуров.

Медиабелсенділер мен сарапшылар жала жабу ісінің тенденцияға айналып келе жатқандығын айтады.

«Жағдай алаңдаушылық туғызады, егер оны тоқтатпасақ, бұл БАҚ-н шектеп, журналистер арасында өз-өзіне деген цензураның артуына әкеліп соғады», – дейді Каршибоев. Оның ойынша, журналистер тек қоғамдық маңызы бар ақпаратты таратып, өз міндеттерін орындағаны үшін ғана қатер астында.

Саясаттанушы Парвиз Муллоджанов үкімет шенеуніктерді сынауға батылдары барып жүрген бұқаралық ақпарат құралдарына теріс пиғылда деп санайды.

«Баспасөздің тәуелсіздігінің артуы белгілі бір топтар мен тұлғалардың көңіл толмаушылығын тудыруда. Олардың тарапынан БАҚ-на деген қысым бірте-бірте күшейіп келе жатыр, бір қарағанда бұл құбылысы елене қоймайды. Алайда ерте ме, кеш пе мұның белгілі бір формада шығатын анық еді», – дейді ол.

5 ақпан күні Душанбе қаласында IWPR мен ТБАҚТА ұйымдастырған дөңгелек үстелде медиасарапшылар, заңгерлер және құқыққорғаушылар тәуелсіз БАҚ жолығатын мәселелерді талқылады.

Дөңгелек үстел нәтижесінде журналистерге, әсіресе жала жабу ісіне кезігетіндерге, құқықтық көмек көрсететін жұмыс тобын құру туралы шешім қабылданды.


Аслибегим Манзаршоева и Зарина Эргашеева, Тәжікстан



Журналистердің сұрағына қорғаушы Солех Джураев жауап беруде, оның баспасөзде жарияланған хаты шағым түсіруге негіз болды.



ЖУРНАЛИСТЕРДІ ҚОРҚЫТУ АРҚЫЛЫ ӨЗБЕК БИЛІГІ ОЛАРҒА ШЫНДЫҚТЫ ЖАЗУҒА ТЫЙЫМ САЛҒЫСЫ КЕЛЕДІ



**Тәуелсіз
журналистерге
жасалынып
отырған
қысымның күшеюі
өзбек билігінің
объективті
ақпараттың
алдында
қорқынышы жайлы
ой тастайды**

14 қаңтар күні ортаазиялық Ferghana ақпараттық агенттігі Ташкент қалалық прокуратурасының Өзбекстанда жұмыс істейтін бірнеше журналистті тергеуге алғаны жайында хабарлады. Ташкент прокурорының көмекшісі Бахром Нурматов алты репортерді әңгімеге шақырған.

Алайда олардың екеуі шақыру қағазы болмаса кездесуге бармайтынын айтқан.

«Прокуратурада журналистердің әрқайсысына ол туралы жиналған мәліметтер, мақалалары, репортаждары, өмірбаяны және басқа да құжаттарды көрсеткен. Ташкент прокурорының көмекшісі бұл материалдардың оған ұлттық қауіпсіздік Қызметі және Өзбекстанның сыртқы істер министрлігімен берілгендігі (ҰҚҚ) жайлы хабарлады» деп жазады агенттік.

Журналистердің сөзіне қарағанда, прокуратура қызметкері репортерларға

олардың өмірбаяндарынан онша тағы емес фактілерді келтірген, олардың мақалалары жарық көретін барлық лақап аттарды атап берген және репортерлардың қандай шет елдік масс-медиаға қызмет істейтініне, халықаралық конференцияларға қатысқан-қатыспағандықтарына және кімнен, қандай жиілікті ақша алып тұратындықтарына қызығушылық танытқан.

Тәуелсіз корреспондент Сид Янышев шет елдік веб-ресурстармен қарым-қатынас бағыты бойынша тергеуге алынған.

«Мұнда сіздің мақалаларыңыз бейтарап емес және ел басшылығын қорлайды деп санайды» деп прокурор көмекшісінің сөзін Ferghana береді.

Келесі күні, 8 қаңтарда, тағы бір тәуелсіз ташкенттік репортер Алексей Волосевич прокуратураға профилактикалық әңгімеге шақырылған.

«Нурматовты [ташкенттік прокурордың көмекшісі] шамамен сол қызықтырды. Сонымен қатар ол қандай лақап атпен жазатынымды, шет елге шыққан-шықпағанымды, Uznews.net және IWPR-мен әріптестік қатынаста болған-болмағаным жайлы сұрады. Шамасы, осы БАҚ олар үшін ең қауіптісі болса керек», - дейді ол.

Ел ішінде және одан сырт жерлерде сұралған NBCA шолушылары тәуелсіз журналистерге деген арнайы қызмет өкілдерінің қызығушылығынң артуы онлайн-журналистиканың рөлінің нығаюымен, желідегі Өзбекстан туралы сараптамалық материалдардың жариялануына байланысты болар дейді. Ал барлық ішкі басылымдар идеологиялық тексеруден өтеді.

«Өзбекстанда өз өмірлеріне қауіп төніп тұрса да интернет-сайттарға арнап мақала жазып жүрген бірнеше журналист бар. Бүгінгі күні тәуелсіз ақпарат биліктің бақылауының күшеюіне қарамастан Өзбекстанға кіріп жатыр. Шамамен жеті миллион өзбек мигранттары тұрақты түрде Интернеттегі материалдарды оқиды, форумдарға белсене қатысып, өз сындарын жазады. Билік сырт жерде жүргендерді көп жағдайды біледі деп қауіптенеді, сондықтан осындай ақпарат тарататын журналистерге қысым көрсетеді» дейді RFE/RL өзбек қызметі, Ozodlik корреспонденті.

Волосевич сонымен қатар электронды БАҚ-ның рөлінің артуына байланысты билік қауіпі жайлы айтты, сондықтан, ол арнайы қызметтер журналистер қатарында «тазалалау» жүргізуде деп санайды.

«Мұндай жаппай тергеуге алу оқиғасы есімде жоқ», - деді ол.





«Өзбек билігін құқық пен адам құқығына байланысты жағдайлардың маңыздылығын бекіту мақсатындағы өзбек билігінің іс-әрекетіне дем беру әрі олардың міндеттемелерін ескере отырып, кеңес [ЕО өкілдері] шектеулерді қайта қалпына келтірмеуді ұйғарды», - делінген ЕО Кеңесінің баспасөз-қызметінің хабарламасында. Сол кезде NBCA шолушылары Еуропалық Одақтың Өзбекстанға қарсы санкциялардың бәрін алып тастау құқыққорғау жағдайының елде жақсаруына дем береді деген пікір аңғалдық деп атап кеткен болатын.

Ташкенттегі медиашолушы тергеуге шақырылған репортерлардың көбі осы интернет-журналистика ойынша маманданған дейді.

«Олардың ақпаратына деген қажеттілік Интернеттің барынша дамып келе жатқан сәтінде уақыт өткен сайын артуда. Ал интернет журналистін жұмыстан шығарып жіберу немесе оған жұмыс берушіге қысым көрсету мүмкін емес болғандықтан, оны билікке жағымсыз жұмыстан бас тартқызу үшін қорқыту тәсілі қолданылуда» дейді ол.

Эмиграциядағы өзбек саясаттанушысы Ташпулат Юлдашев прокуратурадағы журналистермен жүргізілген профилактикалық әңгімелер олар үшін «ескерту іспеттес» деп санайды.

«Интернеттегі Өзбекстан туралы жариланып отырған шындық, үкіметтің ойынша, биліктің сөзін жоққа шығарады

және осы бір ақпараттық соғыста олар өзiрге жеңіліс тауып келеді. Енді тек мұндай ақпаратты жазушыларға қарсы күштік тәсілдерді қолдануды күту ғана қалды», - дейді ол.

Ел солтүстігіндегі журналист тәуелсіз авторларды қуғындау әлемдік қауымдастықтың назарынан тыс қалуы мүмкін деп қауіптенеді.

«Журналистердің белсенділігін басу кампаниясын бастау үшін билік өте қолайлы уақытты таңдады. Батыс пен Шығыс түрлі себептерге байланысты ресми Ташкентке жылы қарап келеді», -дейді Наумов.

27 қазан күні Еуропалық Одақ елдерінің сыртқы саясат ведомстволарының отырысында Өзбекстанға қарсы соңғы санкцияларды алып тастау туралы шешім қабылданды.



ТҮРКІМЕН ҚҰҚЫҚОРҒАУШЫЛАРЫ БАТЫС ДИПЛОМАТИЯСЫНА ДЕГЕН ҮМІТІН ЖОҒАЛПАЙДЫ

*Құқықорғаушылар
Париж
Ашхабатпен
келіссөздер
барысында
талапшыл
болулары керек
дейді*

1 ақпан күні президент Гурбангулы Бердымухаммедовтың Францияға жасаған үш-кіндік сапары басталды. Сапар барысында түркімен делегациясының үкімет және парламентпен келіссөздері, экономикалық әріптесікке қызығушылық танытқан ірі фирмалардың қатысуымен бизнес-форум өтеді.

Сапар алдында Парижде түркімендік адам құқығы үшін күрескерлер мен халықаралық құқықорғау ұйымдарының өкілдері Қапқаз бен Орта Азия бойынша Департамент директорының орынбасары Эрик Миллет пен Франция сыртқы істер Министрлігінің адам құқығы және гуманитарлық мәселелер бойынша Департаменті жетекшісінің орынбасары Оливер Джеротпен кездесті.

«Біз Франция президенті Николя Саркозиді президент Гурбангулы Бердымухаммедовпен кездесу барысында адам құқығы мәселелерін көтеруге және оларды сақтау жағдайын жақсартуды, белсенділерге оң қарап, диалогты бастауды талап етуге шақырдық», - дейді кездесуге қатысқан Түркімендік адам құқығы бойынша Хельсинки қорының лидері Таджигуль Бегмедова.

Сонымен қатар, адам құқығы Лигасы, Human Rights Watch, Шекарасыз Репортерлар және Түркімендік Хельсинки қорының өкілдері мен құқықорғаушылары француз журналистеріне арнап баспасөз-конференциясын өткізді.

2007 жылы авторитарлық көшбасшы Сапармурат Ниязов қайтыс болған соң, президент Гурбангулы Бердымухаммедов «Мемлекет адам үшін» ұстанымын жариялап, либералданудың болуы мүмкін екеніне емерін танытты.

Ол сонымен қатар арасында ар мен өткен режимнің қарсыластары бар он бір адамға кешірім берді, адам құқығының Ұлттық бағдарламасын жасай бастады.

Алайда айтарлықтай өзгерістер құқықорғау саласында бола қойған жоқ, түркімен

түрмелерінде саяси тұтқындар әлі де болса отыр, басқаша ойлау қуғындалады, қозғалыс еркіндігі өте қатты шектеледі, барлық БАҚ цензурадан өтеді және биліктің бақылауында, ал тәуелсіз ҮЕҰ тіркелмейді.

Қазіргі уақытқа дейін, Бегмеловның сөзіне қарағанда, БҰҰ тоғыз арнайы баяндамашылары Түркіменстанға виза ала алмауда.

Сарапшылар Ашхабат пен Париждің тығыз экономикалық қарым-қатынасы, «Буиг» француз құрылыс компаниясының түркімен контрактілеріне араласуы құқыққорғау идеяларын тасасында қалдырып кетуі мүмкін. Алайда, жағдайды жақсартуға болады.

«Қателерді түзеті үшін, түркімен билігіне саяси жігер керек, біз оны түсінеміз. Сондықтан француз дипломаттарына Бердымухамедовтың барлық уәдесін зерттеп, оларды орындауға көмектесуді ұсындық. Мысалы, жергілікті кадрлардың кәсібилігін көтеру мақсатында студенттер, заңгерлер, дәрігерлер, журналистер алмасу бағдарламаларын жүзеге асыру», - дейді Бегмедова.

Басқа құқыққорғаушылар да ЕуроОдақ елдерінің Түркіменстандағы адам құқығына байланысты ұстанымын «әлсіз» деп бағалады, алайда ықылас болса үлкен проресске қол жеткізуге болады.

Мысалы, Ашхабат жыл сайынғы мүше-елдер құқыққорғау саласындағы міндеттемелерді орындау бойынша есеп беретін ЕҚЫҰ-ның адамдық өлшемі бойынша Жиналысын елей бермейді. Дипломатиялық келіссөздер арқылы Түркіменстанның осы оқиғаға назарын аудартуға болады.

«Бүгінгі күні Франция осыны түзетуге үлкен мүмкіндік алып отыр», - дейді Халықаралық адам құқығы федерациясының президенті Сухаир Белхассен.

Нидерландыдағы Түркіменстанның Демократиялық Азаматтық Одағының басшысы Вячеслав Мамедов түркімен билігінің репрессиялық саясатына шектеу қоя алатын тек батыс дипломатиясы деп санайды.

«Егер кең халықаралық қолдау болмаса, бұл мақсат қа жете алмаймыз», - деді ол.



Тожигул Бегмедова,
Туркменистондағы инсон хуқуқлари бүйича Хельсинки жамғармасы лидери



Париждегі баспасөз-конференциясында халықаралық ұйым өкілдері

Суреттерді IWPR-ға тәуелсіз француз журналисті Сильвия Лассаре берді



ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДҮ БҰЗУҒА БАЙЛАНЫСТЫ КАМПАНИЯҒ А ТҮРКҮМЕН БИЛҮГҮНҮҢ КӨҢҮЛҮ ТОЛМАЙДЫ

Жаңа құрылыс объектілерін тұрғызу үшін үйлері бұзылған түркіменстан тұрғындары шенеуніктер бюрократиялық сылтаулар айтып, олардың бұзылған үйлер үшін төленетін өтемақыны бермеуде. Тұрғындардың тек кейбірі ғана билікке қарсы шығып, шет елдердегі құқыққорғаушылармен байланысып жатыр, ал қалғандары биліктің алдындағы қорқыныштан үндеймей отыр.

Адамдар жолдар мен көпқабатты үйлер тұрғызу мақсатты бұзылған тұрғын үйлерге берілетін ақша үшін күресуде.

Аты-жөнін атамауды жөн көрген Ашхабаттың егде тұрғыны оны және көршілерін Жаңа жылдың алдында, ғимараттарды бұзу басталарда үйлерінен шығарып жібергенін көзіне жас алып отырып есіне алды.

«Біздің үйлерді бұзып, өзімізді көшіруде, - дейді ол. Бұрын бұл тұрғын шағын жері бар, астананың орталық базарының маңындағы үйде тұрған.

Оған Ашхабаттың жаңа ықшам ауданынан пәтер берген, бірақ бұзылған үй мен жер учаскесі үшін берілуі тиіс өтемақы алмаған.

Осыған қарамастан, ол басқаларға қарағанда жолым болды деп санайды. «Кейбіреулердің күйі әлдеқайда жаман, олар туыстарының үйінде немесе пәтер жалдап тұруға мәжбүр», - дейді ол.

Тұрғын үй жалдап тұру – арзан дүние емес, жалға алу құны айып 200 АҚШ долларына тең сомадан басталады. Көп тұрғындар мұндай қадамға бара алмайды, себебі бұл сома орта есеппен мемлекеттік сектор қызметкерінің жалақысына тең.

Өткен жылы Ашхабат және облыс орталықтарының тұрғындары жылжымалы мүліктерін жоғалтты, қалалар мен ақуылдық жерлердің тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға арналған мемлекеттік жоспардың аясында тұрғын үйлердің орнында саябақтар, мешіттер мен бұрқақтар салынуы тиіс болды.

Кейбір жағдайларда бірқабатты, су құбыры жоқ ескі жеке үйлер, бұзылып, оның орнына жаңа көпқабатты, көппәтерлі барлық жағдайы бар үйлер салынды.

Ескі көпқабатты үйлерді бұзулуы тиісті. Үйлерді бұзу 2006 жылы қайтыс болған Түркіменстанның алғашқы президенті Сапармұрат Ниязовтың кезінде басталған еді. Ниязов «мәдениет сарайы», жаңа жолдар мен мешіттер секілді жобаларға қызығушылығымен танымал, олардың мақсаты елдің гүлденуін көрсетіп тұру болатын.

Осындай саясат Ниязовтың ізбасары билікке 2007 жылы келген Гурбангулы Бердымухаммедов кезінде де жалғасты. Жаңа басшы компанияға жаңа үлесін қосып, қалалық және ауылдық жерлерде тұратын адамдардың өмірін жақсартуға бағытталған даму бағдарламасын іске қосты.

Түркіменстан заңына сәйкес мүлік еріксіз түрде тартып алына алады, бірақ бұл жағдайда өтемақы төленуі тиіс. Заң өтемақыға байланысты кез келген дауды юзу юолғанғае дейін сот арқылы шешуді қарастырған.

Тұрғындардың сөзіне қарағанда оларды еріксіз үйден шығарып отыр, сондықтан олар дұрыс өтемақы алу мақсастааында күресуге мәжбүр. Бұл олардың құқығының бұзылуы дейді түркімендіктер.

Кейде шенеуніктер меншік иесінің мүлікке қатысты құжаттарының дұрыс еместігіне байланысты өтемақы төлемейді. Мұндай жағдайдан әсіресе зардап шегетіндер Кеңес Одағы тарқаған соң тұрғын үйді немесе жерді тіркемегендер.

Кейбірінің меншігіне иеленуге заңдық құқығы бар, бірақ олар жеешелендіріп үлгермеген.

IWPR-мен болған әңгімеде Ашхабаттағы мемлекеттік кеңсе заңгері меншік иесінің құжаттарын шенеуніктердің мұқият тексеретінін нықтап берді. Кеңес одағы кезінде тұрғын үй қызметкерлерге жұмыс орнына байланысты берілетін.

«Егер тұрғын үй жекешеленбеген немесе пәтержалдаушы еңбек өтілін соңына дейін жеткізбеген жағдайда [жұмыстан шығып кетуі немесе ведомствалық пәтерде тұрып қалуы] немесе құжаттардағы қол күмән тудырса не жекешелендіру рәсімі дұрыс толтырылмаса тұрғын үй иесіне мүлікті иеленуге ше құқы жоқ екенін жариялап, ешқандай өтемақысыз үйден шығарып жібереді», - деді заңгер.

Тіпті тұрғын үйге иесі екенін дәлелдегеннің өзінде олардың алдымен



Куня Ургенч



Ашхабаттағы жаңа ықшам аудан

үйден шығарып жіберіп, артынан әділетсіз өтемақы тағайындайды.

Елдің батысындағы Түркіменбашы қаласында адамдар өз үйлерінің қираған орындарында қарсылық білдірді. Олардың үйін автомагистраль салу үшін бұзған болатын. Адамдар жергілікті биліктен дұрыс өтемақы тағайындауды талап етті.

Бұл акция Түркіменстандағы оппозицияның билікке қарсы жасаған сирек іс-әрекеттерінің бірі. Ғимараттарды

бұзу тоқтатылса да қалалық әкімшілік шенеуніктері мен тұрғындар өзара мәмілеге келе алмай жүр.

Жиырмадан астам тұрғын үй мен басқа да ғимараттар өткен жылы Куня-Ургенч қаласында бұзылды, билік олардың орнына мешіт салғылары келген.

Аты-жөнін айтуды жөн көрмеген жергілікті белсендінің сөзіне қарағанда «билік үйлерді бұзғаны үшін өтемақы төлемеген. Тек ғимараттардың материалы мен жер учаскелерін қала шетіндегі бөлінген жер үшін пайдалануға рұқсат берген».

Өзін Муратберды деп таныстырған Ашхабат тұрғыны қалалық әкімшілік шенеуніктері оның құжаттарын бірнеше ай бойы қарастырып, кейін бұрынғы үйіне қарағанда ауданы аз үйге ие бола алатынын айтқан.

IWPR-ға Ашхабаттық сарапшы жағдай Ниязовтың билігі тұсындағыдан жақсарғанын айтты. Ол кезде тұрғындар үй бұзылардың алдында ескерту де алмаған.

«Ең жаманы, үш жыл бұрын үй салуға рұқсат алған адамдар, екі аптадан ішінде оны босат туралы ескерту қағазын алып жататыны», - деді ол.

Ол сонымен қатар өтемақы алу үшін жазылған арыздарды қарастырғанда қала билігі жер учаскелерін немесе қосымша құрылыстарды ескермейтінін жеткізді.

«Бес немесе он адамнан тұратын отбасы екі не бір бөлмелі пәтерге көшіріледі», - дейді сарапшы.

Бақылаушылардың сөздеріне қарағанда қоғам билік бастаған құрылыс кампаниясынан еш пайда таппайды.

Жаңа үйлер қарапайым адамдардың қолы жете бермейтін бағамен сатылады. Кейбір құрылыстар тек ескі ғимараттарды бұзу үшін басталады: бұзылған ғимараттың орнына тұрғызылуы тиіс мешіт немесе басқадай ғимарат құрылысы әлдеқандай себептермен тоқтап қалады.



Енді бір жобалар басын-ақ тоқтатылып жатады.

Ашхабаттық тұрғындар Ниязовтың тұсында бау-бақшасы бар бүтіндей бір саяжай ауылының орнына хайуанаттар бағын саламыз деген желеумен бұзылғанын еске алады. Бұзу аяқталған соң құрылыс тоқтаған, себебі бұл жер Ашхабат халықаралық әуежайына жақын орналасқан, аңдарды ұстауға болмайды.

Жүздеген саяжай иелері мүліксіз қалды, билік оларды автожолдың бойына орналастырамыз деген уәдсін орындамады.

Ашхабаттық сарапшы күштеп шығарылған азаматтардың сотқа шағым түсіруі бекер әурешілік дейді. «Мен шағымдардың болғанын білемін, бірақ олардың бірде-біреуінің қанағантандырылғанын естіген емеспін», - дейді ол.

Анонимді дерек көзі берген мәлімет тек бір жағымды оқиғаны атап бере алады: өткен жылдың желтоқсанында Бас прокуратура бұзылған үлер үшін берілетін өтемақының төленуін тексере бастады.

Әділеттілікке қол жеткіземіз деген азаматтар халықаралық ұйымдарға хабарласты. Түркімендік адам құқықтары бойынша Хельсинки Қорының басшысы Таджигуль Бегмедова оның ұйымның бірнеше адамнан жеке меншікке деген құқығының бұзылғаны жайлы хат алғанын айтады.

Көп жағдайда адамдар билік олардың үй беру өтініштеріне назар аудармайтынын айтады.

«Олар осы күнге шейін әділдікке жете алмай жүр», - дейді ол.

Нидерландыдағы Түркіменстанның заңгерлер Ассоциациясының жетекшісі Тимур Мисриханов бірнеше шағымның БҰҰ-на жіберілгенін айтады. Алайда мұндай жағдай сирек кездеседі, себебі адамдар халықаралық ұйымдарды тарту арқылы үлкен тәуекелге барады. «Көп жағдайда адамдар қысымның көрсетілуіне байланысты өз құқықтарын қорғауға қорқады», - деді Мисриханов.

Довлет Овезов, Ашхабат
Инга Сикорская, Бішкек

Institute for war & peace reporting

48 Gray's Inn Road
London, WC1X 8LT, UK
Tel: (44 20) 7831 1030
Fax: (44 20) 7831 1050
Web: www.iwpr.net
E-mail: info@iwpr.net



Қырғыз Республикасындағы IWPR Өкілдігі

Қырғыз Республикасы,
Бішкек қ., 720017
Тоголок Молдо к-сі, 18-2
Тел.: + 996 312 66 44 53, 61 38 70
Факс: + 996 312 61 38 70
E-mail: iwpr.kyrgyz@iwpr.net



Қазақстан Республикасындағы IWPR Өкілдігі

Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., 050000
Қазыбек би к-сі 50
2 қабат, 84 кеңсе
Тел.: +7 727 272 59 03, 272 64 21, 272 68 90
E-mail: iwpr.kazakhstan@iwpr.net



Тәжікстан Республикасындағы IWPR Өкілдігі

Тәжікстан Республикасы
Душанбе қ., 734003
Рудаки д-лы, «Точикматлубот» 137, 6 қабат
Тел.: + 992 372 24 70 26
Тел./Факс: + 992 372 24 70 51
E-mail: iwpr.tajikistan@iwpr.net

IWPR осы жарияланымның мазмұнына толықтай жауап береді, жарияланымның Еуро Одақ мемлекеттерінің көзқарасын білдіруі міндетті емес.